

# ИНТЕРНЕТТЕН “ЖАРАТЫЛҒАН” ПАРТИЯЛАР

Сарқылмасын Сыр - Ана!



№24  
(1831)  
18 маусым  
2026 жыл  
Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW Qaa.kz qaa.kz Ақжамыт Ақшамы Газеті

Үкімет пен әкім

## НӘЛІБАЕВ ҮЙЛЕСТІРЕДІ

Жаһандану, ғаламдану деп айдарланған қазіргі заманда ел әлеуетін арттыруда теміржол орны ерекше.

Осы аптаның сейсенбісінде өткен кезекті Үкімет жиынында теміржол саласын дамыту бойынша Президент тапсырмасының орындалу барысы қаралды.

Үкімет басшысы О.Бектенов:

– Мемлекет басшысы еліміздің теміржол желілерін барынша дамыту – айрықша маңызды міндет екенін атап өтті. Жаңа теміржол желілерін салу, вагондар мен локомотивтер паркін жаңарту, қолданыстағы жолдарды жаңғырту және вокзалдарды реконструкциялау бағытында ауқымды жұмыс атқарылып жатыр. Президенттің тікелей тапсырмасы бойынша биыл бірқатар ірі инфрақұрылымдық жобаны аяқтау жоспарлануда деп жиынды бастады.

Теміржол желілері бойынша жүк, жолаушы тасымалын қамтамасыз етуді жақсарту бойынша бірқатар жобалар жүзеге асып жатыр. Соның бірі “Дарбаза–Мақтаарал, “Мойынты–Қызылжар” жолдары алдағы қараша айында іске қосылғанда, биылғы транзиттік тасымал көлемі арта түседі. Жалпы теміржол қозғалысын жақсарту бір биылмен шектеліп қалмайды. Алдағы жылдары да жүзеге асатын жобалардың қаржыландыру көздері нақтыланып, техникалық құжаттамалары қазірден әзірлене бастайды.

Теміржол вокзалдарын жаңғырту, қайта салу бойынша біраз жұмыстар атқарылды. Осы жолғы жиында енді оны аяқтау талқы болды. Мәселен, қайта жаңғыртылған 30 вокзал 1 шілдеге дейін жолаушыларға қызмет көрсетуі керек. Ал қалған вокзалдарды жөндеу 1 қазанға дейін бітуі керек. Әр апта сайын өңір әкімдерінің жөнделіп жатқан вокзалдарды аралап, жұмыс сапасын тексеріп жүргені тек емес. Өйткені Үкімет тапсырмасы әкімдерден сұралады.

Бұл жиында Үкімет басшысы О.Бектенов жолаушылардың вагондарға қатысты сын-ескертпелерін тізбектеп, тиісті орындарға вагондарда сапалы қызмет көрсетуді тапсырды.

Бұл ретте ел үшін жақсы жаңалық та бар. Биылғы жылдың қыркүйегіне дейін отандық 500 жолаушы вагонын, 13 мың жүк вагонын сатып алудың бесжылдық бағдарламасы бекітіледі.

Сондай-ақ осы жыл соңына дейін 215 жаңа локомотив, 1,5 мың жүк және жолаушы вагоны желіге шығады.

Жалпы теміржол қозғалысында цифрландыру мен жасанды интеллект пайыз қозғалысын, жүк, жолаушы тасымалын жақсартуды деген үміт бар.

Жиын қорытындысында теміржол қозғалысын жақсарту бағытындағы жұмыстарды үйлестіру Бектеновтің бірінші орынбасары Н.Нәлібаевқа жүктелді.

## “ЖОЛАУШЫЛАРҒА ҚЫЗМЕТ ТЕ ЖАҢА САПАДА БОЛУЫ КЕРЕК”

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында теміржол саласы мен инфрақұрылымын дамыту мәселесі қаралды. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев селекторлық режим арқылы қатысты. Үкімет отырысынан кейінгі облыс әкімінің мәжілісінде өңірдегі теміржол қозғалысына қатысты мәселелер жан-жақты талқыланды.

Аймақ басшысы өңірде жаңғыртудан өтіп жатқан теміржол вокзалдарын коммуналдық меншікке қабылдауды заңнама талаптарына сәйкес уақытылы аяқтауды тапсырды.

– Теміржол вокзалдарының сыртқы келбеті ғана емес, жолаушыларға қызмет көрсетуі де жаңа сапаға көшуі тиіс. Қала, аудан әкімдіктерімен бірлесіп, вокзалдар аумағының абаттандырылуын, көгалдандырылуын, санитарлық тазалығын күнделікті қамтамасыз етіңіздер, – деді Мұрат Нәлібаев.

Облыс аумағынан 1051 шақырым теміржол желісі өтеді. Оның 83,4 шақырымын күрделі жөндеу басталды. Бүгінгі күнге дейін 50,4 шақырымы жөндеуден өткен, қалған 33 шақырымы жыл соңына дейін бітеді. Сексеуіл станциясында 18,7 шақырым теміржол салынып, 77 жиынтық бағыттамалы бұрма орнатылуда.

Қызылорда облысынан 15 жұп, облыс орталығынан Астана, Петропавл, Павлодар, Көкшетау, Семей, Түркістан қалаларына 6 жұп жолаушы пойызы қатынайды.

Осыдан екі жыл бұрын Қызылорда қаласындағы теміржол вокзалы күрделі жөнделіп, іргелес аумағы абаттандырылды. Бүгінде өңірдегі 7, атап айтқанда Жаңақорған, Шиелі, Жосалы, Төретам, Қазалы, Арал теңізі, Сексеуіл вокзалдарында, Тереңөзек пен Жалағаштағы қызмет көрсету пункттерінде, Жаңақорған ауданы Талап бекетіндегі жолаушылар платформасында күрделі жөндеу және қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Қазалы, Шиелі, Жаңақорған вокзалдары мен Талап бекетінде құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталды.

Сондай-ақ мәжілісте жауапты басшыларға бір апта ішінде өндірістің жаңа бағыттарын дамыту және іске қосуға қатысты нақты ұсыныстар әзірлеу міндеттелді. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің оң динамикасы сақталуы тиіс.

Конго-Қырым геморагиялық қызбасына қарсы күзгі залалсыздандыру жұмыстарын сапалы әрі бекітілген кестеге сәйкес жүргізу мәселесі де талқыланды.

Облыс әкімі кенеге қарсы өңдеу шараларын ветеринариялық талаптарға сай ұйымдастырып, орындалуын қатаң бақылауды тапсырды. Аурудың алдын алудың және алғашқы белгілері байқалған бойда медициналық көмекке жүгінудің маңызы туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүйелі жүргізілуі қажет.

Интернет арқылы Еуропа елдерінде бірқатар партиялар құрылып, өздерінің саяси мүдделерін жүзеге асырып, билік құрылымдарында өз орындарын алған мысалдар жетерлік.

Италияның белгілі сатиригі Беппе Грилло әрдайым билікті сынап жүреді. Алайда, 1990-шы жылдары оның танымалдығы төмендейді. Дегенмен 2005-ші жылдан бастап ол әлеуметтік желіде өз блогын жүргізеді. Күн сайын жаңарып отырған оның парақшасы танымал болады. Тіпті британдық The Guardian басылымы оны әлемдегі ең ықпалды блогтар тізімінде тоғызыншы орынға қояды.

Оның ең басты қызметі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес. Өз жазылушыларын әртүрлі ресми кездесулерге, митингдерге де шақырып қояды. Италия елінің атаулы күндерінің бірінде 2 млн.-ға жуық адамды интернет арқылы көшеге алып шыққан. Бұл атаулы күні жұртты митингке алып шығу үшін алдын-ала дайындалған. Алдымен әр пост сайын митинг туралы үгіт жүргізген. Содан соң жемқор саясаткерлер тізімін жариялаған. Тіпті сол депутаттарды мандатынан айыруға петиция жариялаған, соңында өз партиясын құру туралы мәлімдеме жасаған. Өз партиясы “Бес жұлдыздың қозғалысы” мүшелерін де ол өз блогы арқылы өткізіп отырған. Алғашқы аймақтық сайлауға қатысқанда-ақ партия үміткерлері табысқа жеткен. 2013-ші жылғы сайлауда 25%-дан астам дауыс жинап, Парламент сайлауында үшінші орынға шыққан. Келер жылы Еуропарламенттен орын алуға талаптанған. 2015-ші жылы Италияны Еуроодақтан шығару туралы референдум өткізу үшін қол жинағанда да өз күшін байқатқан.

Қоғамдық пікірді зерттеу қорытындысы бойынша сол 2015-ші жылдан бері “Бес жұлдыздың қозғалысының” танымалдылығы артып, ал билеуші Демократиялық партияның танымалдылығы керісінше төмендеп келеді екен.

Испаниялық “Подemos” биліктің барынша ашық жария болуын талап етеді. Қаржы мәселесін қайырымдылық қорлары арқылы шешіп отырады, әрі әр тынына ашық есеп береді. Бұл партияны құрушылар – университет профессорлары. Партия жалпы билік қызметіне көңілі толмайтын жастардан құралған.

“Подemos” өкілдері үлкен саясатқа келмес бұрын алдымен интернетте танымалдылыққа қол жеткізеді. You tube арқылы әлеуметтік тақырыптарда фильмдер көрсетеді, қоғамдық-саяси проблемаларды қозғаған дөңгелек үстелдерден жазба жариялайды, т.т. тіпті теледидарды да пайдаланып, саяси бағыттағы хабарларға кеңінен қатысады.

Партия 2014-ші жылы құрылған. Ресми көшбасшысы жоқ, алайда Мадрид университетінің профессоры жетекшілік етеді.

“Подemos” артықшылығы оның талқыға салған тақырыбына кез-келген адам қатыса алады. Партия мүшелігінмен шектелмейді. Кез-келген адам өзін ойлаңдырған мәселе бойынша күн тәртібін құрап, ортаға талқыға, дауысқа сала алады. Партияның технологиялық ресурсы да жеткілікті. Бағдарламалық қамтамасыз ету тегін, бұл көп адамды қамтуға мүмкіндік береді. Оның үстіне дауыс беруді электронды өткізеді. Мәселен еуропарламентке сайлау алдында интернетте праймериз өткізген. Нәтижесінде тіркелгеніне шамалы уақыт болғанына қарамастан еуроодақтың заң шығарушы органының бірнеше орнына ие болған. Одан соң аумақтық сайлауларға қатысып, елдің екі астанасы Мадрид пен Барселона сайланбалы орындарынан орын алған.

Екі жыл жұмыс істегеннен кейін сайлауда үшінші орынға шығып, парламенттің 20% мандатына қол жеткізген.

Партия бағдарламасы да онлайн дауыс беру арқылы бекітіледі.

Исландияның “Пират партиясы” да интернеттен “жаратылған”. 2022-ші жылы Исландияның қалыптасқан саясаткері өзі сияқты бірнеше интернет белсенділерімен бірігіп осы партияны құрған. Негізінде қатаң құрылымы жоқ, тіпті көшбасшысы деп де ешкімді танымайды. Жетекшілерін капитан дейді, басқару шеңбері бойынша айналып отыратындықтан капитан өзгеріп отырады.

Өз идеяларын талқылауда, шешімдерін қабылдауда онлайн дауыс беруді қолданады. Қорытындысы әлеуметтік желіде жарияланады. Олардың ұраны – сөз бостандығы, ой, ақпарат еркіндігі. Жеке адамдардың дерегін қорғау. Тіпті радикалды идеялары да бар, мәселен наркотикті заңдастыру, діннен бас тарту.

Партияның танымалдылығының артуына “Панама құжаттарының” жариялануы оң әсер еткен. Бұл құжаттар арасында сол кездегі Исландия үкімет басшысының да тіркелмеген офшорлық есепшоттары болған. Ақпарат жарияланғаннан кейін оның қарсыластары 25 мың қол жинап, үкіметтің доғарысқа кеткенін талап етіп, митинг ұйымдастырған. Ақыры үкімет басшысы доғарысқа кетіп, 2016-шы жылы кезектен тыс сайлау өтетін болғанда партия бар күшін салып, жеңіске жетуге тырысады. Сайлау науқаны сауалнамасы “пираттар” 43% дауыс алды дегенмен, сайлау қорытындысында 15% дауыс алып, екінші орынға шығады.

Канаданың либерал партиясы да ақпараттық технологияларды пайдаланып, саяси дағдарысты жеңгендердің бірі.

Негізі бұл елде негізінен либералдар және консерваторлар партиясы ғана саяси жүйені құрайды. 1990-шы жылдары либералдар жоғары нәтижеге жетіп жүрген. Алайда 2000-шы жылдары консерватор партиялардың бірігуі, сондай-ақ партияның демеушілерін жария етпеуі салдарынан күші әлсірейді. Тіпті өз арасынан үкімет басшылығына ұсынатын тұлға да таппай дағдарды.

2013-ші жылы либералдарға басшы болып жас саясаткер Джастин Трюдо келгеннен бастап жағдай өзгереді. Әлеуметтік желіде үгіт-насихат күшейеді, қайырымдылық арқылы қаржы тартыла бастайды, әлеуметтік мәселелерге аса мән беріледі. Ол өз көзқарастарын әлеуметтік желілерде еркін жариялап отырады. Парламент сайлауында жеңіске жетіп үкімет басшысы болса да жұртшылықтың қарапайым сұрақтарына бейнебайланыс арқылы жауап береді. Спортпен айналысқанын, өз сайлаушыларымен жасаған селфиін, жалпы тірлігін жариялап отырады.

Айтпақшы, партия сайтында мүшелік жарна төлеуден бөлек, онлайн дүкеннен біраз нәрсе сатып алуға болады екен. Партия сайтының онлайн дүкенінде әртүрлі киімдер, аксессуарлар, тәттілер пісіретін түрлі-түсті қалыптар, жануарларға ыдыстар, тағысын тағы біраз зат сатып алуға болады. Тіпті Трюдонның өзі ұнататын носки де сатылады екен. Бұл носкилер түрлі-түсті болғаннан бөлек, партия символикасы да бейнеленген.

**P.S. Интернет партиялардың электорат қалыптастыру, қаражат табу, көшбасшы сайлау машақаттары аз екен. Мемлекет бюджетінен қаржы бөліп, партияны қаржыландыру қажеті жоқ. Оның үстіне электорат үшін филиалдар ашып, ұйымдар құру өбегі де жоқ. Одан бөлек, ғимарат, жиһаз, коммуналдық төлем деген сияқты шығындар да жоққа тән...**

**Берінен бұрын материалдық, адами ресурс үшін басқа партияны бауырға басудың, немесе партияны басып алудың да қажеті жоқ...**

## ДАРИЯ ЖАҒАЛАУЫ ЖАЙЛЫ МА?



Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев, қала басшысы Н.Ахатовпен бірге қала аумағындағы бірқатар нысанды аралап шықты. Олар алдымен Президент саябағындағы көркейт-көгалдандыру жұмыстарын көрді.

Заманауи демалыс аймағында субұрқақтар, амфитеатр, спорт, ойын, би, шахмат, баскетбол мен футбол алаңдары, биіктігі 50 метрлік айналмалы шолу дөңгелегі, велосипед және жүгіру жолақтары, санитарлық пункттер орналасқан.

Мұнда 15 түрлі 2018 түп ағаш көшеті, 16 түрлі 53 189 түп бұта және 17 түрлі 54 546 көпжылдық гүл көшеті отырғызылып, 2,7 гектарға

гazon төселген. Жасыл желек спринклерлік және тамшылату жүйелері арқылы суарылады.

Жалпы аумағы 30,94 гектар саябақтың 32,07 пайызы абаттандырылған, 64,8 пайызы көгалдандырылған, 1,66 пайызында қосымша ғимараттар мен құрылыстар, 1,47 пайызында субұрқақтар орналасқан.

Одан кейін аймақ басшысы бастаған топ тұрғын үй құрылысы үшін мемлекеттік жер қорына қайтарылатын учаскелерге барып, Сырдария өзенінің қорғаныс бөгеттерін нығайту жұмыстарымен танысты. Жобаны «Қаратас Майнинг», авторлық қадағалауды «Geopso kzo», техникалық қадағалауды

«Орда-S» серіктестіктері жүзеге асыруда. Оған 2 млрд. 996 млн. теңге бөлінген, 2756 метр екі жолақты жаяу жүргінші және велосипед жолы салынып, асфальтбетон жабындысы төселеді. Сонымен бірге 2928 метрлік қорғаныс бөгетінің еңі нығайтылады. Бұл жағалауды су тасқыны мен шайылудан қорғайды.

Сыртқы жарықтандыру жүйесі, 2848 метр электр желісі тартылады және 110 жарықтандыру тірегі орнатылады.

Тұрғындардың қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз ету мақсатында 2670 метр металл қоршау, демалыс аймақтарына орындықтар мен қоқыс жәшіктері қойылады.

# ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ЭКОНОМИКА, КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ, ӘЛЕУМЕТТІК САЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯСЫ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Өткізілген орны: 2026 жылғы 11 маусым Қалалық маслихаттың мәжіліс залы сағат 11.00

Төрағалық етуші: комиссия төрағасы М.Әбдіқалықов Қатысқандар: (тізім бойынша) \* \* \*

Тұрақты комиссия отырысының күн тәртібіндегі «Қала әкімдігі жанындағы ономастикалық жұмысшы тобының қорытындысына келісім беру туралы» мәселе бойынша Қызылорда қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы А.Қайруллаевтың хабарламасы тыңдалды.

(Хабарлама мәтіні қосымша тіркелді)

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына, «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы № 211 бұйрығына және қала әкімдігі жанындағы ономастикалық жұмысшы тобының 2026 жылғы 12

мамырдағы хаттамасына сөйкес:

## 1. Қызылорда қаласының әкімдігі жанындағы ономастикалық жұмысшы тобының:

- Қызылорда қаласында орналасқан Н.Назарбаев және Тәуелсіздік даңғылдарын байланыстыратын атаусыз көшені – «Кеңес Дүйсекеев» есімімен атау туралы;

- Қызылорда қаласы Бейбарыс Сұлтан көшесінен Тасбөгет кентіндегі су торабына дейінгі Сырдария өзеніне параллель жатқан көшені – «Шөмішбай Сариев» есімімен атау туралы қорытындысына келісім берілсін.

## 2. Қызылорда қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне (А. Қайруллаев):

- осы хаттаманы 7 (жеті) жұмыс күні ішінде қала әкімдігінің интернет-ресурстарында орналастыру және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау;

- осы хаттамадан туындайтын тиісті жұмыстар мен шаралардың орындалуын қамтамасыз ету;

- тиісті жұмыстар мен шаралардың қорытындысымен «Қызылорда қаласының құрамдас бөліктеріне атау беру туралы» мәселесін сессияда қарау үшін Қызылорда қалалық мәслихатына ұсыныспен шығу ұсынылады.

Комиссия төрағасы М.ӘБДІҚАЛЫҚОВ

## ПРОТОКОЛ ЗАСЕДАНИЯ ПОСТОЯННОЙ КОМИССИИ КЫЗЫЛОРДИНСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА ПО ВОПРОСАМ ЭКОНОМИКИ, РАЗВИТИЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА, СОЦИАЛЬНОЙ СФЕРЫ И ПРАВОПОРЯДКА

Место проведения: 11 июня 2026 года Зал заседаний городского маслихата 11.00 часов

Председательствующий: председатель комиссии М.Абдукаликов

Присутствовали: (по списку) \* \* \*

На заседании постоянной комиссии по вопросу «О согласовании заключения рабочей группы по ономастике при акимате города» было заслушано докладом руководителем отдела культуры и языков Кызылорды А.Қайруллаева. (Текст сообщения прилагается)

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 8 декабря 1993 года «Об административно-территориальном устройстве Республики Казахстан», приказом Министра культуры и спорта Республики Казахстан № 211 от 1 августа 2023 года «Об утверждении принципа учета мнения населения соответствующей территории при присвоении, переименовании административно-территориальных единиц, частей населенных пунктов, а также уточнении и изменении их транскрипции», а также протоколом рабочей группы по ономастике при акимате города Кызылорда от 22 мая 2026 года:

## 1. Согласовать заключение рабочей группы по ономастике при акимате города Кызылорда:

- о присвоении безымянной улицы, соединяющей проспекты Н.Назарбаева и Независимости в Кызылорде, имени «Кеңес Дүйсекеев»;

- о присвоении безымянной улицы, идущей параллельно реке Сырдарья от улицы Бейбарыс Султан в Кызылорде до гидроузла в поселке Тасбөгет, имени «Шомишбай Сариев».

## 2. Руководителю отдела культуры и развития языков города Кызылорда (А. Қайруллаеву):

- разместить настоящий протокол в течение 7 (семи) рабочих дней на интернет-ресурсах акимата города и опубликовать в местных средствах массовой информации;

- обеспечить выполнение соответствующих работ и мероприятий, вытекающих из данного протокола;

- представить в Маслихат города Кызылорда предложение по вопросу «О присвоении названий частям города Кызылорда» для рассмотрения на сессии с итогами выполненных работ и мероприятий.

Председатель комиссии М.АБДУКАЛИКОВ

## ӘДІЛ ҚОҒАМ – ОРТАҚ МҰРАТ

«Тура билде туған жоқ, туғанды билде иман жоқ» деген қазақ халқының даналық сөзі әділдіктің қай кезде де биік тұруы қажеттігін айқын аңғартады. Әділдік салтанат құрған жерде береке мен бірлік, сенім мен тұрақтылық орнығады. Ал сол әділдікке сызат түсіретін ең қауіпті кеселдердің бірі – сыбайлас жемқорлық.

Сыбайлас жемқорлық – жеке адамның ғана емес, тұтас қоғамның дамуына тұсау болатын ауыр дерт. Ол мемлекет пен халық арасындағы сенімді әлсіретіп, заң үстемдігіне нұқсан келтіреді. Сондықтан жемқорлықпен күрес – тек құқық қорғау органдарының немесе белгілі бір мекеменің міндеті емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі.

Қазақ халқы ежелден адалдықты ардың ісі деп бағалаған. «Адалдық – адамдықтың белгісі» деген нақыл сөздердің өзі ұрпақты тазалыққа, әділдікке және жауапкершілікке тәрбиелейді. Сыбайлас жемқорлық сырт көзге уақытша пайда әкелетіндей көрінгенімен, шын мәнінде ол қоғамды іштен ірітетін қауіпті құбылыс. Жемқорлық жайлаған жерде еңбек емес – айла, білім емес – танымдық, әділдік емес – зансыздық үстемдік етеді. Мұндай жағдайда қоғамның дамуы тегісіз, халықтың мемлекетке деген сенімі әлсірейді.

Ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының «Пайда ойлама, ар ойла» деген өсиеті

бүгінгі күні де өз маңызын жоғалтқан жоқ. Өйткені жемқорлықтың түп-тамырында ардан аттау, адалдық қағидаларын аяққа басу жатыр. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күрес әр адамның өзінен басталуы тиіс.

Әрбір азамат өз ісіне жауапкершілікпен қарап, заң талаптарын мүлтіксіз орындауға міндетті. Қоғамдағы әрбір адал іс – жемқорлыққа қарсы жасалған нақты кадам. Әрбір әділ шешім – заң үстемдігін нығайтатын игі әрекет. Ал әрбір саналы әрі жауапты азамат – мемлекеттің берік тірегі. Жемқорлық қоғамды әлсіретсе, әділдік оны нығайтып, алға бастырады. Сондықтан адалдықты өмірлік ұстанымға айналдыру – әр азаматтың парызы.

Қорыта айтқанда, сыбайлас жемқорлық – қоғамның өркендеуіне кедергі келтіретін қауіпті құбылыс. Әр азамат заңды құрметтеп, адалдықты ту етіп, әділдікті өмірлік қағидасына айналдырғанда ғана жемқорлықсыз қоғам қалыптастыруға болады.

Адалдық салтанат құрған елдің болашағы жарқын, іргесі берік болады. Ел тағдыры – әр азаматтың қолында. Сондықтан әділ қоғам құру жолында әрқайсымыз өз үлесімізді қосып, адалдық пен әділдікті басты құндылық ретінде ұлықтауымыз қажет.

Заманбек Жаксылық Аққыр ауылдық округі әкімінің міндетін уақытша атқарушы

## СЕМИНАР ӨТКІЗІЛДІ

Қызылорда қалалық сотының ұйымдастыруымен семинар өткізілді. Семинарға Қызылорда қалалық сотының судьясы А.Тубекбаева, сот әкімшісінің басшысы Н.Дүйсенова, өңірлік заң консультанттары палатасының заңгерлері, екінші деңгейлі банк өкілдері қатысты.

Семинар барысында сот органдарына электронды форматта жолданатын құжаттарды рәсімдеу тәртібі, «Сот кабинеті» жүйесі арқылы құжаттарды жолдау ерекшеліктері, процессуалдық құжаттарды дайындауда қателіктер және оларды болдырмау жолдары, сонымен қатар мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту туралы талқыланды.

Сонымен қатар қатысушылар құқық қолдану тәжірибесіндегі маңызды мәселелер бойынша өзара пікір алмасты.

Қызылорда қалалық соты

## ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ

Қызылорда облыстық сотының ұйымдастыруымен әкімшілік әділет институтының 5 жылдығына арналған «Әкімшілік әділет - мемлекет пен қоғам арасындағы тиімді диалогтың кепілі» тақырыбында ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Шараға Қызылорда облысының әкімі М.Ергешбаев, Қызылорда облыстық сотының төрағасы Ә.Шығамбаев, облыс прокуроры Р.Ожаров, сот жүйесінің өкілдері, ғалымдар мен мемлекеттік органдардың қызметкерлері қатысты.

Конференция барысында облыс әкімі М.Ергешбаев әкімшілік соттар мен Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексі жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың тетігіне айналғанын атап өтті.

Қызылорда облыстық сотының төрағасы Ә.Шығамбаев өз сөзінде әкімшілік әділет институтының ерекшеліктері мен маңыздылығына тоқталды.

Конференция барысында облыс прокуроры Р.Ожаров, облыстық мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы Г.Мырзатаева, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Экономика және құқық институтының директоры, PhD, философия ғылымдарының докторы А.Исаева баяндама жасап, әкімшілік әділеттің маңыздылығына, әкімшілік сот ісін жүргізудегі соттың белсенді рөлі қағидағы мәселелеріне тоқталып өтті.

Шара аясында Қызылорда облыстық сотының әкімшілік істері жөніндегі сот алқасының судьялары Ш.Маликова, К.Каниева, Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы А.Сарсенбаев, Жанакорған аудандық сотының судьясы Э.Рысқұлов, Шиели аудандық сотының судьясы Ж.Сарбасова, Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты әкімшісінің басшысы Г.Каликова Алғыс хаттармен марапатталды.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі

## ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ӘР АЗАМАТТЫҢ БОРЫШЫ

Сыбайлас жемқорлық – кез келген мемлекеттің дамуына кері әсер ететін, қоғамның әлеуметтік-экономикалық өркендеуіне кедергі келтіретін жағымсыз құбылыс. Ол халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін төмендетіп, заң үстемдігі мен әділеттілік қағидаларына нұқсан келтіреді. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы жемқорлықпен күрес мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесіне ерекше назар аударып келеді. Президент: «Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің дамуына тұсау болатын қауіпті құбылыс. Сондықтан оған қарсы күрес бүкіл қоғамның ортақ міндеті болуы тиіс» деп атап көрсеткен болатын. Бұл қағида еліміздегі жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі бағытын айқындайды. Бүгінгі таңда елімізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның себептері мен салдарын жою бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Бұл ретте мемлекеттік органдардың ашықтығын қамтамасыз ету, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру, қоғамда адалдық пен әділдік құндылықтарын қалыптастыру мәселелеріне ерекше назар аударылууда.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес тек құқық қорғау органдарының немесе мемлекеттік мекемелердің міндеті ғана емес. Бұл – әрбір азаматтың азаматтық жауапкершілігі мен борышы. Қоғамда жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру үшін әрбір тұрғын заң талаптарын сақтап, адал еңбек пен әділдікті басты қағида ретінде ұстануы қажет.

Осы бағытта ауылдық округ көлемінде де тұрақты түрде түсіндіру және профилактикалық жұмыстар ұйымдастырылуда. Тұрғындар арасында кездесулер өткізіліп, сыбайлас жемқорлықтың зияны мен оның құқықтық салдары түсіндірілуде. Сонымен қатар мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етуге, тұрғындардың өтініштері мен ұсыныстарын уақытылы қарауға ерекше мән беріледі.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділ Қазақстанды құру адалдық пен заң үстемдігі қағидаларына негізделуі тиіс» деп атап өткен. Сондықтан қоғамда парасаттылық мәдениетін қалыптастыру, мемлекеттік қызметтің ашықтығы мен есептілігін арттыру – уақыт талабы.

Қоғамның дамуы мен елдің өркендеуі әр азаматтың адал еңбегі мен заңға құрметіне байланысты. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте барша жұртшылықтың белсенділігі мен жауапкершілігі маңызды рөл атқарады. Адалдық пен әділдік салтанат құрған жерде ғана тұрақты даму мен жарқын болашаққа қол жеткізуге болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – ортақ міндет. Таза қоғам қалыптастыру жолында әрбір азамат заң талаптарын сақтап, әділдік пен парасаттылық қағидаларын берік ұстануы қажет. Сонда ғана біз болашақ ұрпаққа сенім мен адалдыққа негізделген өркениетті қоғамды мұра ете аламыз.

Жаманқұлов Зейнұр Қайрадинұлы Аманкелді ауылдық округі әкімі

## «ҚАРМАҚШЫ АУДАНДЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСШЫСЫНЫҢ 2026 ЖЫЛДЫҢ ІІІ-ТОҚСАНҒА АРНАЛҒАН ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒА ӨКІЛДЕРІН ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Қармақшы аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы	Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты	Мемлекеттік мекеменің мекен-жайы	Сенім телефоны
Омаров Асет Турмаханович	Дүйсенбі Бейсенбі	16:00-18:00 16:00-18:00	Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Ораз ахун көшесі №44 үй	2-12-44

## Байқоңыр мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің 2026 жылдың 12 маусымындағы № 20 - Ө бұйрығына қосымша. БАЙҚОҢЫР МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІК ЖӘНЕ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ДЕПАРТАМЕНТІ БАСШЫСЫНЫҢ 2026 ЖЫЛДЫҢ ІІІ ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҒЫ ӨКІЛДЕРІН ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушының аты, жөні	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушының лауазымы	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің мекен-жайы	Байланыс телефоны
Омаров Серик Серикбаевич	департамент басшысы	сейсенбі, бейсенбі 16-00 ден 17-00 ге дейін	Байқоңыр қаласы, Совет Армия көшесі, 11 үй	8/336 22/7-64-11

### СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі» (Мемлекеттік қызметкерлердің қызметтік әдеп қағидалары) және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410 - V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Байқоңыр мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінде 8(33622) 7-63-22 нөмірлі «Сенім телефоны» күнделікті жұмыс уақытында (8:30-дан 18:00-ге дейін, үзіліс 13:00-ден 14:30-ға дейін) жұмыс жасайтындығын хабарлайды.

МЕНШІК ИЕСІ:	Редакцияның мекен-жайы:	(E-mail: a_akshamy@mail.ru)	ТАРАЛЫМЫ: 4000	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
«Желтоқсан и К» ЖШС	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1	Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп №14611-Г «7» қараша 2014 жылы куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж Газет аптасына бір рет жарық көреді	Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49	Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды. Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
Бас редактор Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА	Телефон: 23-16-08 23-16-11		Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы Тапсырыс	Сурет сапасына редакция жауап бермейді
Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН				

## ЕРГЕШБАЕВ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТПЕН ТАНЫСЫП ЖҮР...

Сыр бойының аймақ басшысы Мұрат Ерғешбаев бастаған облыс делегациясы Астана қаласына жұмыс сапарымен барып, жаңадан ашылған «Alem AI» халықаралық жасанды интеллект орталығының жұмысын көрді.

«Astana Hub» халықаралық технопаркінің бас директоры Мағжан Мәдиев орталықтың негізгі бағыттары мен инфрақұрылымын таныстырды. Делегация мүшелері жасанды интеллект саласындағы инновациялық жобаларды біріктіретін сегіз қабатты бірегей экожүйені аралады.



Негізі, Мұрат Ерғешбаев – бұл бірегей орталыққа арнайы барған облыс әкімінің алғашқысы. Орталықта жасанды интеллект өлеміне арналған иммерсивті көрмелер мен интерактивті кеңістіктер, жасөспірімдердің технологиялық дағдыларын дамытуға бағытталған «TUMO Astana» бағдарламасы,

Қазақстандағы алғашқы «Tomorrow School» жасанды интеллект мектебі, ғылыми зерттеулер жүргізуге және стартаптарды қолдауға арналған ЖИ-кампус, халықаралық технологиялық компаниялардың зертханалары орналасқан.

Кездесуде өңірдегі жобаларды жүзеге асыруда цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті пайдалану мәселелері қаралды. Қазіргі уақытта «Kyzylorda Hub» өңірлік технопарк базасында инновациялық жобаларды қолдау, жергілікті IT-қоғамдастықты дамыту және жастардың цифрлық дағдыларын арттыруда жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Жұмыс сапары кезінде цифрландыру және жасанды интеллект саласындағы бірлескен бастамаларды іске асыруға, тәжірибе алмасуға қатысты мәселелер де талқыланды.

Облыс әкімі Astana Smart City жобасының Ситуациялық орталығындағы қалалық инфрақұрылымды бақылау, деректерді талдау және қала қызметтерінің жұмысын нақты уақыт режимінде үйлестіру мүмкіндіктерімен танысты.

Сонымен қатар қаладағы процестерді басқаруға және түрлі ведомстволар арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге арналған жасанды интеллект негізіндегі платформаны да көрді.

Astana Smart City жобасы қаланы тиімді әрі қауіпсіз басқаруға мүмкіндік беретін жаңа буын интеллектуалды инфрақұрылымын қалыптастыруға бағытталған.

## “АРАЛ СОДА” –

### ЖАҢА ЖҰМЫС ОРНЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев «Аралтұз» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы Дәурен Мұқашевпен кездесті. Кездесуде Арал ауданында кальцийленген сода өндіру зауыты құрылысын салу мәселелері талқыланды.

Аймақ басшысы «Аралтұз» отандық тұз өндіру саласындағы жетекші кәсіпорындардың бірі екенін атап өтіп, жобаның өңір экономикасы үшін маңыздылығына тоқталды.

Мемлекет басшысы 2019 жылы Қызылорда облысына жұмыс сапарында Арал қаласында кальцийленген сода өндіру зауытын салу бойынша нақты шаралар қабылдауды тапсырған болатын. Бүгінде аталған жобаны Индустрияландырудың бірыңғай картасы шеңберінде «Арал сода» серіктестігі жүзеге асыруда.

Өндіріс орнында жылына 330 мың тонна кальцийленген сода өндіріледі, іске қосылған кезде 699 жаңа жұмыс орны ашылады. Қазір «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы қаржыландыру рәсімінен өтуде. Биылғы 20 наурызда қаржыландырудың бірінші кезеңіне қажетті құжаттар тапсырылып, жоба мақұлданды. Қазіргі уақытта зауыт құрылысын салатын мердігерді анықтау үшін өткізілген тендердің қорытындысымен қытайлық China Tianchen Engineering Corporation компаниясы жеңімпаз болып танылған. Бүгінде тараптар келісімшарт жасап жатыр.

## “АУЫЛ ҚҰТҚАРУШЫЛАРЫ” ҚҰТҚАРАДЫ

Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келген Төтенше жағдайлар министрі, генерал-лейтенант Шыңғыс Әрінов, облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов «Ауыл құтқарушылары» республикалық бағдарламасы аясында Арал ауданының Қамыстыбас және Қазалы ауданының Жанқожа батыр ауылдық округтерінде салынған өрт сөндіру пункттерінің ашылу рәсіміне қатысты.

«Ауыл құтқарушылары» республикалық бағдарламасының мақсаты – өрте қарсы қызметі жоқ шалғай елді мекендерде жедел және тиімді көмек жүйесін құру. Табиғи жағдайлар мен қашықтықты ескере отырып, тұрғындардың қауіпсіздігіне уақытылы ден қою өте маңызды. Бүгінде осы бағдарлама шеңберінде аймақта 35 бекет салынған.

Рәсімде Шыңғыс Әрінов сөз сөйледі. Әрі қарай облыс әкімінің орынбасары Б.Жақанов төтенше жағдайлардың алдын алуға, тұрғындар қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі өрт сөндіру бекеттерінің маңыздылығына тоқталды.

– «Сыр өңірінде Президентіміздің, Үкіметтің тапсырмасымен азаматтық қорғау саласын жетілдіруге, төтенше жағдайлардың алдын алу шараларын күшейтуге, материалдық-техникалық базасы мен кадрлық әлеуетін арттыруға айрықша басымдық берілуде. Бүгін міне, Арал мен Қазалының Қамыстыбас, Жанқожа батыр ауылдарында өрт сөндіру пункттерін ашамыз.

Жалпы төтенше жағдайдың алдын алып, адам өмірін құтқару – жоғары әрі жауапты миссия. Елдің амаңдығы, қоғамның тыныштығы үшін өз өмірін қатерге тігу кез келген адамның қолынан келе бермейді. Осы салада аянбай еңбек етіп жүрген қызметкерлерге барша Сыр жұртшылығының атынан зор алғысымыз білдіреміз! Бүгінгі жаңадан табыстағалы тұрған заманауи техникалар ел игілігіне қызмет ете берсін», – деді Бахыт

Дүйсенұлы.

Салтанатты рәсімде өрт сөндіру бекетін ашуға атсалысқандар мен азаматтық қорғау саласында қажырлы еңбек еткен қызметкерлер облыс әкімінің Алғыс хатымен және Төтенше жағдайлар министрлігінің наградаларымен марапатталды.

Ауылдық жерде төтенше жағдай болғанда алғашқы минуттар шешуші рөл атқарады. Бүгінде елімізде арнайы дайындықтан өткен еріктілерді біріктіретін «Ауыл құтқарушылары» ерікті өрт сөндіру пункттері жұмыс істейді. Бұл – ТЖМ-нің кәсіби күштері келгенге дейін әрекет етіп, алғашқы шараларды қабылдайтын ауыл тұрғындары.

**Өңірде 2023-2025 жылдары 2 млрд. теңгеден астам қаржыға 17 өрт сөндіру техникасы, 4 арнайы жабдықталған жеңіл автокөлік, 90 цифрлық радиобайланыс жүйесі, 50-ден астам арнайы құрал-жабдық алынды. Биыл 2,8 млрд теңгеге 20 өрт сөндіру автокөлігі сатып алынады деп жоспарлануда. Жаңа техникалар алдағы уақытта ел игілігіне табысталады.**

Еріктілерді іріктеу және дайындау белгіленген талаптарға сәйкес жүргізіледі. Ведомстволық бағдарлама аясында теориялық және практикалық дайындықтан өтетін, өрт сөндіру құралдарымен жұмыс істеуді, алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуді үйренеді.

Төтенше жағдай кезінде олар бірінші болып әрекет етеді, жағдайды бағалайды, өз мүмкіндіктері шегінде өртті оқшаулау шараларын жүргізеді, радиобайланыс арқылы ақпарат беріп, кәсіби өрт сөндірушілерді шақырады.

## «BI GROUP» – ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСШЫСЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев «BI Group» компаниясының акционері, директорлар кеңесінің мүшесі Бауыржан Исабаевпен кездесті. Кездесуде өңірде инвестициялық жобаларды іске асыру, инфрақұрылымды дамыту, көшелерді абаттандыру және қаланың шет аймақтарына әлеуметтік нысандар салу мәселелері талқыланды.

Кейінгі жылдары «BI Group» компаниясының ауқымды инвестициялық және инфрақұрылымдық жобалары өңір келбетін жаңғырта түскені белгілі.

Атап айтқанда, «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы бір мезетте 500 оқушыны, тәулігіне 3 мыңға дейін баланы қабылдайтын көпфункционалды орталық. Мұнда спорттық және шығармашылық үйірмелермен қатар, робототехника, жасанды интеллект, 3D модельдеу және түрлі оқу-зертханалық кабинеттер жұмыс істейді.

Ботаникалық бақ – экологиялық мәдениетті дамытуға және жаңа қоғамдық кеңістіктер құруға бағытталған жоба. Бақта өлемнің түрлі аймақтарынан әкелінген 92 түрлі 3300-ден астам өсімдік өсіріледі, нысан заманауи микроклиматтық және суару жүйелерімен жабдықталған.

Жақында пайдалануға берілген «AI-KERIM» оқу-сауықтыру орталығы халықаралық стандарттарға сай, 300 орынға арналған көпфункционалды кешен ретінде қызмет атқарады. Құрамында әкімшілік блок, event-аймақ, жатақхана бар.

Қалалық мәдени-демалыс паркі мен Президент саябағы қайта жаңғыртылып, заманауи демалыс аймағына айналды. Мұнда субұрпақтар, амфитеатр, спорт және ойын алаңдары, жүгіру, велосипед жолақтары салынып, 31 гектар аумаққа жасыл желек егілді.

## ЖАҢА ТЕХНИКАЛАР МЕН ЖЕҢІЛ КӨЛІКТЕР ТАБЫСТАЛДЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев, Төтенше жағдайлар министрі, генерал-лейтенант Шыңғыс Әрінов, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары және ел ағаларының қатысуымен азаматтық қорғау саласының қызметкерлеріне 11 заманауи өрт сөндіру және арнайы жабдықталған жеңіл автокөлік кілтін табыстау рәсімі өтті.

Рәсімде облыс әкімі саланы қолдау мемлекеттің маңызды бағыттардың бірі екенін атап өтті.

– «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Табиғи және техногендік апаттар туындаған кезде құтқарушылардың еңбегі ерекше мемлекеттік мәнге ие болады. Мемлекет сіздердің қажырлы еңбектеріңізді бағалайды», - деген болатын.

Азаматтық қорғау органдары - төтенше жағдайлардың алдын алу және жоюға бағытталған жұмысты атқаратын еліміздегі маңызды құрылымдардың бірі. Олардың басты

міндеті – өз өмірлерін қауіп-қатерге тіге отырып, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Бүгінде Президентіміздің, Үкіметтің тапсырмасымен қолдау шаралары жүйелі жүргізілуде. Біз бұл бағыттағы жұмыстарды одан әрі жалғастырамыз.

Бүгінгі жаңадан табыстағалы тұрған өрт сөндіру техникалары игіліктеріңізге қызмет етсін! Еліміз тыныш, халқымыз аман, Тәуелсіздігіміз баянды болғай!», - деді Мұрат Нәлжозаұлы.

Салтанатты шарада министр Шыңғыс Әрінов сөз сөйлеп, төтенше жағдайлар саласында аянбай еңбек етіп жүрген қызметкерлер мен сала ардагерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен және Төтенше жағдайлар министрлігінің наградаларымен марапатталды.

Шара соңында аймақ басшысы және Төтенше жағдайлар министрі жаңа техникалар мен жеңіл көліктердің кілтін салтанатты түрде табыстап, №6 өрт сөндіру бөлімінің жұмысымен танысты.



## ЖАҢАҚОРҒАН САПАРЫ: ЕРГЕШБАЕВ ЕСКЕРТТІ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов Жаңақорған ауданына жұмыс сапары барысында Мәшбек Нәлібаев ауылының тұрғындарымен және Жаңарық, Әбдіғаппар, Өзгент ауылдарының ақсақалдарымен кездесті. «Руханият орталығында» өткен жиында аудан әкімі қатысып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму бағыттары мен алдағы міндеттер талқыланды.

Кездесуде аймақ басшысы өңірде өнеркәсіпін дамыту, өндіріс көлемін ұлғайту, инвестиция тарту және жаңа жұмыс орындарын құруға бағытталған жобаларды қолдау қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар, ауданның туристік әлеуетін тиімді пайдаланып, нақты жобаларды жүзеге асыруды тапсырды.

### Қызылорда облысының әкімі М.ЕРГЕШБАЕВ:

– Өнеркәсіп өндірісі, өңдеу өнеркәсібі саласына жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасары, кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы, жұмысты күшейту керек.

2023 жылдан күршіс көлемі 1147 гектарға қысқарған. «Ауыл аманаты» жобасы ұсынған мүмкіндіктерді пайдалануды тапсырамын. Ауданда 175 шаруашылық каналы бар, оларды бетондау жобаларын әзірлеудегі жұмысты жеделдетіңіздер.

Жаңақорғанның туристік әлеуетін тиімді пайдаланып, нақты жобаларға айналыру керек. Қаратаудың етегінде орналасқан ауданның табиғи ерекшеліктері, тарихи орындары мен шипажайлары, мәдени-рухани құндылықтары ішкі және сыртқы туризмді дамытуға мүмкіндік береді.

Кейінгі төрт жылда барлық ауданда жаңадан 1800-ге жуық пәтер пайдалануға берілсе, оның 254-і Жаңақорған ауданында. Сапасына қатысты кемшіліктерді мердігер мекемелер толықтай қалпына келтірді. Биыл да тұрғын үйлер салу жоспарланған.

Осы ретте облыс әкімі салаға жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасары, құрылыс бөлімінің басшысына дайындық жұмыстарын ұйымдастыруды міндеттеді.

Ауданда газдандыру деңгейі 53 пайыз, бүгінде 5 елді мекенге жоғары қысымды газ құбыры салынуда. Аудан әкімдігі облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасымен бірлесіп, ауылдарды кезең-кезеңімен табиғи газға қосу жұмысын ұйымдастыруы тиіс.

Кездесуде тұрғындар мен ауыл ақсақалдары ауданның дамуына қатысты өзекті мәселелер мен ұсыныстарын ортаға салды. Аймақ басшысы

көтерілген әрбір мәселе жан-жақты зерделеніп, тиісті заңды шешім қабылданатынын жеткізді.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев Жаңақорған ауданына жұмыс сапары барысында көпбейінді орталық ауруханаға жапсарлас салынған жаңа қосымша ғимаратты аралап көрді.

Медициналық қызмет сапасын арттыру және тұрғындардың заманауи диагностикалық қызметтерге қолжетімділігін кеңейту мақсатындағы құрылысты «Дәнекер құрылыс компаниясы» жүргізген. Оған 792 млн. теңге қаржы бөлінген.

Жалпы ауданы 1212,06 шаршы метр, екі қабатты, цокольдік қабаты да бар, 9 төсек-орынға арналған. Заманауи магниттік-резонанстық томография аппараты орнатылатын болады.

Жаңа ғимарат аудан тұрғындарының жоғары технологиялық-диагностикалық қызметтерге қолжетімділігін арттырып, ауруды ерте анықтау мен сапалы медициналық көмек көрсету мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Жаңақорған аудандық көпбейінді орталық ауруханасы 245 төсек-орынға есептелген, ғимараттың жалпы көлемі 5852,4 шаршы метр, үш қабатты, бес блоктан тұрады.

Заманауи медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Қабылдау бөлімшесі, хирургия, терапия, перзентхана және гинекология бөлімшелері, зертхана, нейрореабилитация, жұқпалы аурулар, реанимация бөлімшелері жұмыс істейді.

*Аудан экономикасының негізгі салаларында тұрақты даму үрдісі сақталып, бірқатар бағыт бойынша оң нәтижеге қол жетті. Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 105,6 пайызға артты. Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 25,3 млрд теңге болған. Құрылыс жұмыстарының көлемі, пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы ауданы жазынан да өсім бар.*

Сонымен қатар күндізгі емдеу бөлімі, сәулемен емдеу, рентген, трансфузиология, ультрадыбыстық зерттеу, жүкті әйелдерге арналған УДЗ аппараты және компьютерлік томография қызметтері көрсетіледі.

Бүгінде ауруханада 1520 қызметкер аудан тұрғындарының денсаулығын сақтау мен нығайту бағытында жүйелі жұмыс атқаруда. Медициналық мекеме жеке қазандық арқылы сұйытылған газбен жылытылады.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, облыстық мәслихат хатшысы Мұрат Тлеумбетовтың Жаңақорған ауданына жұмыс сапары Сунақата ауылындағы «Өмір» шаруа қожалығының егіс алқаптарын аралаумен жалғасты. Сондай-ақ аймақ басшысы осы сапарда «Сығанақ» қалашығын зерттеу жұмыстарының барысын да бағамдады.

Шаруашылық орта есеппен жылына 200 тонна күршіс және 400 тонна көкөніс-бақша



өнімдерін өндіреді. Өнімдері Қызылорда және Түркістан облыстарының ішкі нарығына жеткізіледі. Заманауи агротехнологиялармен және техникамен жабдықталған.

Атап айтқанда «Беларус 1221» тракторы, «Class» комбайны, ХТЗ техникасы, жүк тиегіштер, лазерлі тегістегіштер, КамаАЗ көліктері және агродрондар қолданылады. Бұл егін шаруашылығын цифрландыру мен өндіріс тиімділігін арттыруға мүмкіндік беріп отыр.

Биыл аймақта 89,7 мың гектарға дәнді дақылдар, 6,1 мың гектарға майлы дақылдар, 73,2 мың гектарға малазықтық дақылдар, 16,8 мың гектарға картоп, көкөніс және бақша дақылдары егілді.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес күршіс көлемі 10,9 мың гектарға қысқартылып, 70 мың гектар болды. Бұл қадам су ресурстарын тиімді пайдалану және егіс құрылымын әртарапандыруға бағытталған.

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері қолда бар 3975 техниканы толық жөндеуден өткізді. Қажетті минералдық тыңайтқыштардың жалпы көлемі 65,6 мың тонна, оның 11 мың тоннасы отандық өнімдер есебінен қамтамасыз етілуде.

Аймақ басшысы барған келесі нысан орта

ғасырлық Сығанақ қалашығы еліміздегі ең маңызды археологиялық ескерткіштердің бірі саналады. Қыпшақ хандығының, кейін Ақ Орда мен Қыпшақ хандығының астанасы болған тарихи қала орны. ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар тізіміне енгізуге ұсынылған маңызды тарихи ескерткіштер қатарына кіреді.

Қазір мұнда ежелгі қамал дуалдарының іздері, төбешікке айналған құрылыс қалдықтары және археологиялық қазба жұмыстары барысында анықталған нысандар сақталған.

Қалашық толық қалпына келтірілмегенімен, оның тарихи келбетін зерттеу, сақтау және қалпына келтіру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда.

Қызылорда – ортақ үйіміз

## ҚАРАУЫЛТӨБЕЛІКТЕР ҚУАНЫШЫ

Қызылорда қаласына қарасты Қарауылтөбе ауылдық округінде өрт сөндіру бекеті ашылды. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, ҚР Төтенше жағдайлар министрі, генерал-лейтенант Шыңғыс Әрінов, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары және зиялы қауым өкілдері Қарауылтөбе ауылдық округіндегі «Ауыл құтқарушылары» республикалық бағдарламасы аясында салынған өрт сөндіру бекетінің ашылу рәсіміне қатысты.

орналасқан елді мекендердегі халықтың қауіпсіздігі аса маңызды. Осыған орай күні кеше Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Сайранұлы Аралдағы Қамыстыбас және Қазалыдағы Жанқожа батыр ауылдық округтерінде «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында салынған өрт сөндіру пункттерін табыстады. Бүгін аталған бағдарламамен Қарауылтөбеде салынған өрт сөндіру бекетін ресми түрде іске қосамыз. Бұдан бөлек, Қызылорда қаласы мен

жабдықталған жеңіл автокөлік, 90 цифрлық радиобайланыс жүйесі, 50-ден астам арнайы құрал-жабдық алынды. Осы жылы 2,8 млрд.

**«Ауыл құтқарушылары» республикалық бағдарламасының мақсаты – өртке қарсы қызметі жоқ шалғай елді мекендерде жедел және тиімді көмек жүйесін құру. Бүгінде осы бағдарлама шеңберінде аймақта 35 бекет салынған. Бекеттер 25 өрт сөндіру автокөлігімен, 12 тіркеме, 8 тасымал, 2 стационарлық радиостанциямен, өрт құрал-жабдықтары және жауынгерлік киімдермен жабдықталған.**



Шарада облыс әкімі төтенше жағдайлар қызметінің техникалық әлеуетін арттыру және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. – «Облыс, аудан, қала орталықтарынан шалғайда

Қазалы, Шиелі аудандарындағы сала қызметкерлерінің пайдалануына 11 заманауи өрт сөндіретін және арнайы жабдықталған жеңіл автокөлік бердік. Облыста 2023-2025 жылдары 2 млрд. теңгеден астам қаржыға 17 өрт сөндіру техникасы, 4 арнайы

теңгеге 20 өрт сөндіру автокөлігі сатып алынады деп жоспарлануда. Жаңа техникалар алдағы уақытта табысталады. Бұл – өңіріміздің төтенше жағдайлар саласы қызметкерлеріне үлкен қолдау», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Ашылу рәсімінде министр Шыңғыс Әрінов, ел ағасы Аманкелді Досмаханұлы сөз сөйлеп, өрт сөндіру бекетін ашуға атсалысқандар мен азаматтық қорғау саласында қажырлы еңбек еткен сала қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен және Төтенше жағдайлар министрлігінің наградаларымен марапатталды.

Бұдан кейін Шыңғыс Сайранұлы төтенше жағдайлар қызметінің жеке құрамымен кездесті. Жасөспірімдерге арналған «Batut Kids Team» спорт залына, үнемделген қаржы есебінен жемдеуден өткен департамент жиналатына барды. Жедел-құтқару жасағының бөлімшесімен танысып, олардың материалдық-техникалық жағдайын көрді.

## ҚАЛА ӘКІМ ҚАДАҒАЛАУЫНДА

Қызылорда қаласына қарасты Тасбөгеттегі бас су жинау қоймасының тәуліктік қуаты 56 500 текше метр, «Степь», «Арай» және «Бас тоғаннан» алынған таза су арнайы су сақтау қоймаларына жиналады. Кейін насос станциясы арқылы төрт су құбыры желісімен қала тұрғындарына жеткізіледі. Сырдария өзенінен алынатын су механикалық тазартудың бес кезеңінен өткізіледі. Зертхана мамандары ауызсудың сапалық құрамын тәулік бойы тұрақты бақылауда ұстап, тиісті сараптамалар жүргізеді. Сондай-ақ «Қызылорда автобус паркі» ЖШС-нің 300 қоғамдық көлігі қала аумағына 32 бағыт бойынша қатынайды. Серіктестікте 700-ге жуық адам еңбек етеді.



Абай даңғылы бойындағы тұрғын үйлер аулаларына салынып жатқан спорт және балалар ойын алаңдарының құрылысының 1,9 млрд. теңгелік жобасы аясында 29 тұрғын үйдің ауласына ойын, шағын футбол және воркаут алаңдары салынады. Бас мердігер – «Еңбек» РМҚ.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті жанынан бой көтеріп жатқан Инжинирингтік парк құрамында археология және физика-химиялық талдау әдістері зертханалары, жасанды интеллект және академиялық басымдық орталықтары, робототехника, жерді қашықтан зондтау және IT зертханалары жұмыс істейді.

Сонымен қатар 90 орындық дәрiсхана, 140 орындық конференц-зал және заманауи компьютерлік аудиториялар қарастырылған. Нысанды осы жылы пайдалануға беру жоспарланған.

Кешегі жексенбiде облыс әкiмi М.Ергешбаев қала әкiмi Н.Ахатовпен бiрге осы нысандарды аралап, жауапты басшыларға жұмысты жүйелi үйлестiрiп, тұрақты бақылауды, көрсетiлетiн қызмет сапасын жақсартуды, балалар қауiпсiздiгiн басты назарда ұстауды тапсырды.

Заң мен тәртіп

## ЕКІ ІРІ ЕСІРТКІ АЛҚАБЫ АНЫҚТАЛДЫ

Қызылорда облысында полицейлер екі ірі есірткі алқабын анықтады.

«Қарасора-2026» республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасы аясында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі мен Қызылорда облысы Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері есірткі өсімдіктерін заңсыз өсіру фактілерін анықтауға бағытталған ауқымды іс-шаралар жүргізуде.

Кезекті рейд барысында полиция қызметкерлері мен Ұлттық ұланның «Бүркіт» арнайы мақсаттағы жасағы бірлесіп, тікұшақ арқылы әуеден бақылау жұмыстарын жүргізді.

Нәтижесінде Арал ауданына қарасты Жіңішкекүм елді мекені маңынан екі ірі есірткі алқабы анықталды.

Бірінші алқапты тексеру барысында 1090 түп қарасора өсімдігі және өсімдіктерді суару мен күтіп-баптауға арналған арнайы құрал-жабдықтар тәркіленді. Аталған дерек бойынша үш күдікті құрықталды.

Екінші алқаптан 849 түп қарасора өсімдігі, ерекше иісі бар шөп салынған бір пакет және өсімдік тұқымдары салынған бір пакет тәркіленді. Бұл дерек бойынша оқиға орнында үш күдікті ұсталды.

Тергеу барысында алынған заттай дәлелдемелерге сараптама тағайындалып, қорытындыға сәйкес тәркіленген өсімдіктердің қарасора тұқымдасына жататыны анықталды.

Аталған фактілер бойынша қылмыстық істер қозғалып, күдіктілер қамауға алынды. Қазіргі уақытта сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде.

Жалпы «Қарасора-2026» жедел-профилактикалық іс-шарасы басталғалы Қызылорда облысында есірткі қылмысына қатысты 27 құқық бұзушылық дерегі анықталды.

Қызылорда облысының Полиция департаменті есірткі құралдарының заңсыз айналымына қарсы күрес бағытындағы жұмыстарды тұрақты түрде жалғастыруда.

## ӘКЕ - ОТБАСЫ ТІРЕГІ

Қызылорда қаласындағы М.Ералиева атындағы мәдениет үйінде мәдени-танымдық шара өтті.

Маусымның үшінші жексенбісі Әкелер күні болып белгіленген. Осыған орай әке мәртебесін көтеру, отбасы институтын нығайту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және жас ұрпақ тәрбиесіндегі әкенің рөлін насихаттау мақсатында өткен шараға ардагерлер, жас сарбаздар, ата-аналар, жастар қатысты.

Мерекелік жиын арнайы дайындалған бейнероликпен басталып, онда әкенің отбасы өміріндегі орны мен қоғамдағы жауапкершілігі кеңінен көрініс тапты. Шара барысында қоғам қайраткерлері, ардагерлер, дінтанушылар мен сала мамандары «Әке мәртебесі және ұлттық құндылықтар», «Әке мен бала арасындағы рухани байланыс», «Әкелер институтын нығайту – қоғамды нығайту», «Әке мен ана – отбасы бақытының қос қанаты» тақырыптарында мазмұнды баяндамалар жасап, өз ой-пікірлерімен бөлісті.

Сондай-ақ өнегелі ұрпақ тәрбиелеп, қоғамға үлес қосып жүрген бірқатар ардақты әкелер Қызылорда қаласы әкімінің және «Әкелер Одағы» қоғамдық бірлестігінің Алғыс хаттарымен марапатталды. Мерекелік жиын әкелерге деген құрмет пен отбасы құндылықтарын дәріптеудің жарқын үлгісіне айналды.

## ЖАҢА ЖОБА - ЖАЙЛЫ БАСПАНА

Қызылорда қаласының Сол жағалауда тұрғын үй құрылыстары жалғасуда. Қазіргі уақытта «Сәт-Сервис» және «Дәнекер» компаниялары 7 қабатты, 244 пәтерлі тұрғын үй кешенін салуда.

Жоба 2025 жылдың қазан айында басталды. Бүгінде үш тұрғын үйдің біреуі толық аяқталып, қалған нысандарда құрылыс жұмыстары белгіленген кестеге сәйкес жүруде. Жаңа тұрғын үйлердің салынуы – Сол жағалаудың сәулеттік келбетін айшықтап қана қоймай, қала тұрғындары үшін жайлы әрі заманауи орта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

## ТАЛАП - ТАЗАЛЫҚ ТӨРТИБІ

Қызылорда қаласының «Тазалық патрулі» эжосағағы қала аумағындағы кәсіпкерлік нысандарды аралап, тазалық пен санитарлық талаптарды сақтау бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Ақция барысында кәсіпкерлерге ғимарат маңын күтіп ұстау, қоқыстың уақытылы шығарылуын қамтамасыз ету және айналаны тазалауға ұстаудың маңыздылығы айтылды. Қаланың келбеті – әр тұрғын мен әр кәсіпкердің жауапкершілігінің көрінісі. Таза әрі көрікті орта қалыптастыруға бірге атсалысайық!

## Анықтама бұрышы

### 1. «e-Otinish» АЖ-де жолданымды қалай беруге болады?

«e-Otinish» жүйесіне тіркелуге өтінішті төмендегілер арқылы беруге болады:

- eGov/eGovmobile сайты;
- Айту мобильді қолданбасы;
- Қазақстан бойынша ХҚКО-дағы және өкілдіктердегі өтініш қабылдау орталықтары.

### 2. Қала әкімінің жеке қабылдауына қалай тіркелуге болады?

Тіркелу үшін «e-Otinish» ақпараттық жүйесіне жазбаша өтініш жазып, тіркелуге болады. Кезегі келген кезде қабылдау күні алдын ала хабарланатын болады.

### 3. Бизнес бастау арқылы грантқа қалай қатысуға болады?

Бизнес бастау үшін мемлекеттік грантқа қатысу үшін азаматтар

алдымен кәсіпкерлік негіздері бойынша оқудан өтуі қажет. Оқуды аяқтағаннан кейін үміткер өз бизнес-жоспарын дайындап, тиісті органға өтініш береді. Өтініш пен бизнес-жоспар арнайы комиссияда қаралады. Егер жоба тиімді деп танылса, үміткерге бизнесті бастау үшін мемлекеттік грант беріледі. Грант қаражаты кәсіп бастауға қажетті құрал-жабдықтар сатып алуға және бизнес жобаны іске асыруға жұмсалады.

### 4. «Әлеуметтік әмиян» дегеніміз не?

«Әлеуметтік әмиян» — мемлекеттің әлеуметтік қолдау сервисі, оның ішінде тегін дәрі-дәрмектерді беру механизмін цифрлық форматқа көшіру үшін жасалған. Яғни, егер адам амбулаториялық деңгейде тегін дәрі-дәрмек алуға құқылы болса — ол қағаз рецепт алмастан, электронды түрде eGov- mobile қосымшасының «Әлеуметтік әмиян» арқылы тегін дәріні ала алады. Қазақстан

Республикасы денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 89 бұйрығында амбулаториялық жағдайларда дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету үшін медициналық-санитариялық алғашқы көмекті және мамандандырылған медициналық көмекті көрсететін медициналық ұйымдар QR-код арқылы немесе коды бар SMS хабарламаларды пайдалана отырып, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар рецепттерді жазып және беруді қамтамасыз етеді.

### 5. Байланыс қызметінің сапасына қатысты қайда шағымдануға болады?

Байланыс қызметінің сапасына қатысты мәселелер бойынша азаматтар Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Телекоммуникация комитетінің облысаралық байланыс инспекцияларына, сондай-ақ облыс өкілдіктеріне шағымдана алады.

**«Ел іші – өнер кеніші» ҚАЛАЛЫҚ ӨНЕР БАЙҚАУЫ**

**15 МАУСЫМ – 2 ШІЛДЕ АРАЛЫҒЫ**

1	С. Майқанова атындағы мәдениет үйі	15 маусым
2	Қызылжарма ауылдық мәдениет үйі	17 маусым
3	Талсуат ауылдық клубы	19 маусым
4	Қараөзек ауылдық клубы	22 маусым
5	Қарауылтөбе ауылдық клубы	24 маусым
6	Белкөл кенттік клубы	29 маусым
7	Абай ауылдық мәдениет үйі	1 шілде
9	Ақсуат ауылдық мәдениет үйі	2 шілде

Өтетін уақыты: 19:30

Өтетін орны: Қалалық мәдени-демалыс паркі

Құрметті қала тұрғындары мен қонақтары! Қызылорда қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен «Ел іші – өнер кеніші» атты қалалық өнер байқауына шақырамыз! Маусымның 15-і мен шілденің 2-сі аралығында өтетін бұл мәдени шарада ауылдық және кенттік мәдениет үйлері мен клубтардың ең үздік өнерпаздары бақ сынайды.

Өтетін мерзімі: 15 маусым – 2 шілде

Басталуы: 19:30

Өтетін орны: Қалалық мәдени-демалыс паркі

## ТЕМІРЖОЛДАҒЫ ЖОЛАУШЫ ЖАЙЫ

Еліміз бойынша Үкімет отырысынан кейін облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың төрағалығымен мәжіліс өтіп, онда теміржол саласы мен инфрақұрылымды дамыту мәселесі талқыланды. Бұл жиындағы бағыттар бойынша қала өкімдігінде шаһар басшысы Нұржан Ахатов та тиісті сала жетекшілеріне бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Қалаға келетін қонақтар мен транзиттік жолаушылар бас шаһардың алғашқы көрінісін теміржол аумағынан бастап көреді. Бұл тұрғыда күрделі жөндеуден өткен теміржол вокзалы барлық талаптарға сай жұмыс істеп тұр деуге толық негіз бар. Өйткені жолаушыларға қажетті жағдай жасалған. Қауіпсіздік шаралары қатаң бақылауда. Мамандар бекітілген кестеге сәйкес қызмет атқаруда. Дегенмен, теміржол бойындағы тазалық талабын ерекше назарда ұстау керек.



– «Бірқазан елді мекенінен Қараөзек стансасына дейін жауапты қызметкерлер бекітіліп, теміржол бойы күнделікті аралануы қажет. Теміржол жиектері мен оған іргелес аумақтар толық тазалануы тиіс. Өрбір жолаушы қаланың тазалығына, аумағының дұрыстығына өз бағасын беретінін жақсы білесіздер. Сондықтан тазалық жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп отыруды тапсырамын», – деді Нұржан Ахатовты.

Жиында күн тәртібінен тыс мәселелер де қаралды. Қала әкімі жауапты мекеме басшыларына жұмысты ұтымды үйлестіруді, қала тазалығын қамтамасыз ету, абаттандыру қағидаларын сақтау және қоғамдық орындарды ластаудың алдын алу бағытындағы шараларды күнделікті бақылауда ұстауды тапсырды.

## Аудан жаңалықтары

### БАЛЫҚ ӨСІРІП ЖАТЫР...

**СЫРДАРИЯ** ауданы әкімі Берік Сәрменбаев балық шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлік нысан жұмысымен танысты.

Мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті дамытуға және ауыл тұрғындарының табысын арттыруға бағытталған бағдарламаларға тоқталып өтті.

– Балық шаруашылығы – өңір экономикасын дамытуға, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік беретін салалардың бірі. Сондықтан бұл бағыттағы жобаларды қолдау және олардың санын арттыру аса маңызды. Мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндігін тиімді



пайдалану арқылы ауылдық жерлерде кәсіпкерлікті дамытып, тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға болады, – деді Берік Әбдіғалпалұлы.

Аталған жоба Тереңөзек кентіне қарасты «Қалғандария-2» көлінде жүзеге асырылуда. Жоба «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында қаржыландырылған. Жалпы құны 10,8 млн. теңгені құрайтын бастаманың негізгі мақсаты – көлде тор қоршалар арқылы тауарлы балық өсіруді дамыту және өңірдегі балық шаруашылығының әлеуетін арттыру.

Қазіргі таңда 2 500 сазан және карп балықтары жіберілген. Кәсіпкер тарапынан балықтарды күтіп-баптау, өсіру және тауарлы өнім өндіру бағытындағы жұмыстар жүргізілуде.

Кездесу соңында әкім кәсіпкерге сәттілік тілеп, қолға алынған бастаманың өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлесін қосатынына сенім білдірді.

### ЖҮГЕРІДЕН МЕЖЕГЕ ЖЕТЕДІ...

**ШИЕЛІ** ауданы әкімі Айтбай Жандарбеков тиісті сала басшыларымен бірге Жөлек ауылдық округіне қарасты «Шолпан Ана» шаруа қожалығының егіс алқабын аралап, атқарылып жатқан жұмыстардың барысымен танысты.

Аталған шаруашылық биыл ауыл шаруашылығы дақылдарын әртарапандыру мақсатында 70 гектар жерге дәндік жүгері екті. Егістік алқапқа өңірдің климаттық жағдайына бейімделген, өнімділігі жоғары «ДКС 5709 ФАО 580» гибриді жүгері сорты себілген.



Қазіргі таңда жүгері дақылдың дәстүрлі технология бойынша егу жұмыстары белгіленген агротехникалық талаптарға сәйкес жүргізілуде. Егіс алдында топырақ сапалы дайындалып, қажетті өңдеу жұмыстары толық атқарылған. Тұқымдар мұқият іріктеліп, белгіленген мерзімде себіліп, минералды тыңайтқыштар енгізу арқылы мол өнімнің берік негізі қалануда.

Жалпы аудан бойынша биыл 2130 гектар жерге дәндік жүгері орналастырылған. Оның ішінде 2000 гектарға су үнемдеу технологиялары қолданылып, яғни тамшылатып және жаңбырлатып суару тәсілдері арқылы егін егілсе, 130 гектар алқапқа дәстүрлі технологиямен егіс жүргізілген.

Су үнемдеу технологияларын кеңінен енгізу ауыл шаруашылығы саласының тиімділігін арттырып, су ресурстарын ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді.

### СПОРТ КЕШЕНІ ҚҰРЫЛЫСЫ САЛЫНУДА

**ШИЕЛІ** ауданы әкімі Айтбай Жандарбеков тиісті сала басшыларымен бірге Жөлек ауылдық округінде бой көтеріп жатқан жаңа спорт кешенінің құрылыс жұмыстарының барысымен танысты.

Жаңа спорт кешені ауылжастарының бос уақытын тиімді ұйымдастырып, жасөспірімдердің спортқа деген қызығушылығын арттыруға, сондай-ақ өңірдегі спорт инфрақұрылымын жетілдіруге серпін беретін маңызды әлеуметтік нысан саналады.

Жалпы Шиелі ауданында дене шынықтыру мен спорт саласын дамыту бағытында жүйелі жұмыстар атқарылып келеді. Қазіргі таңда ауданда 2 спорт мектебі, 2 стадион, 6 спорт кешені және 70 спорт залы халық игілігіне қызмет көрсетуде. Сонымен қатар білім беру ұйымдарындағы спорт нысандарын қоса есептегенде 98 жазықтық спорт құрылғысы бар. Кент және ауылдық округтерде орналасқан жасанды жамылғысы бар 36 спорт алаңы тұрғын-

**ЖАЛАҒАШ** ауданы әкімі Ардақ Ибраимов Есет батыр ауылына барып, елді мекендегі ауызсу желілерін қайта жаңғырту жұмыстарының екінші кезеңінде атқарылып жатқан жұмыстардың барысымен танысты. Сондай-ақ, ауылшілілік аяқсу жүйесінің жай-күйін бақылап, жауапты сала басшылары мен ауылдық округ әкіміне нақты тапсырмалар берді.

Қазіргі таңда Есет батыр елді мекенінде тұрғындарды сапалы ауызсумен қамтамасыз ету мақсатында ауызсу жүйесін кеңейту және қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Аталған жобаны мердігер мекеме – «Бақ Береке-2030» ЖШС жүзеге асыруда.

Аудан әкімі құрылыс алаңындағы жұмыс қарқыны мен сапасына назар аударып, мердігер мекемеге барлық жұмыстарды белгіленген мерзімде әрі сапалы орындауды қатаң тапсырды. Сонымен қатар техникалық талаптардың толық сақталуы қажеттігін атап өтті.

### ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ

**ЖАЛАҒАШ** ауданы әкімі Ардақ Ибраимов жұмыс сапарымен Аққыр ауылдық округіне барып, ауыл тұрғындарымен кездесті.

Аудан әкімі алдымен ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуы, әлеуметтік нысандардың жай-күйі және елді мекенде атқарылып жатқан жұмыстармен танысты.

Аққыр ауылында өткен жылы Н.Таспенов және Аққыр көшелеріне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Биыл ауылдың 3 көшесіне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, толық аяқталды.

Сонымен қатар ауылдағы 100 орындық клуб құрылысына және «Аққыр» каналына су шаруашылығы

### АУЫЗ СУ МЕН АЯҚ СУ БОСҚА АҚПАЙДЫ



*Еркін форматта өткен кездесулерде аудан әкімі тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Сондай-ақ, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес өңірде атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы кезеңге жоспарланған міндеттерге тоқталды.*

жұмыстарын жүргізуге арналған жобалық-сметалық құжаттамалар әзірленіп, аталған жобаларды қаржыландыру мақсатында бюджеттің етіні ұсынылды.

Жалағаш ауданы әкімі Ардақ Ибраимов М.Шәменов ауылдық округіне де барып, ауыл тұрғындарымен кездесті.

Алдымен, аудан әкімі ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуы, әлеуметтік нысандардың жай-күйі және елді мекенде атқарылып жатқан жұмыстармен танысты.

Өңірлерді дамыту бағдарламасы аясында М.Шәменов ауылының кіреберіс бөлігі мен Бұқарбай батыр

көшесіне бейнебақылау камералары орнатылды.

«Ауыл – Ел бесігі» жобасы шеңберінде 3 көшеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, толық аяқталды.

Бұдан бөлек, елді мекендегі тұрғын үй секторын инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету бағытында электр беру желілерін жаңғырту жұмыстары жүзеге асырылды.

### ГАЗҒА ҚОСЫЛЫП ЖАТЫР

**ҚАЗАЛЫ** ауданында елді мекендерді газдандыру жұмыстары кезең-кезеңімен жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Бұған дейін ауданға қарасты Абай және Ақтан батыр ауылдары көгілдір отынға қосылса, 2025 жылы Жанқожа батыр, Бекарыстан би, Майдакөл және Ү.Түктібаев елді мекендеріне магистральды газ желілері жеткізілді.

Ал биыл аталған елді мекендерге орамшілік газ желілерінің құрылысын бастауға республикалық бюджеттен 680 млн теңге қаржы бөлініп, сәуір айында газ жүргізу жұмыстары басталған болатын. Бүгінде 4 ауылда да орамшілік газ желілерінің құрылысы қарқынды жүргізілуде.

Осыған орай аудан әкімі Алмасбек Есмаханов ауылдарға арнайы барып, құрылыс жұмыстарының барысын көріп, мердігер мекемелердің жұмысын бақылады.

*Ауданда бұдан бөлек Ақсуат, Байқожа елді мекендеріне орамшілік газ желілерін жүргізу және Өркендеу, Бірлік, Қожабақы, Аранды ауылдық округтеріне магистральды газ желілерін тарту жобалары да әзірленген.*

Құрылыс алаңдарын аралау барысында аудан әкімі мердігерлерге жұмыстың сапасына ерекше мән беріп, тұрғындардың көптен күткен игілігі саналатын газға қосу жұмыстарын белгіленген мерзімде аяқтаудың маңыздылығын атап өтті.

4 ауыл толық газға қосылғаннан кейін аудан тұрғындарын көгілдір отынмен қамту көрсеткіші 83 пайызға жетті.

### БАУ-БАҚШАНЫҢ БАБЫ ҚАЛАЙ?

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов аудандағы бау-бақша алқаптары мен күріш егістіктерін аралап, егіс жұмыстарының барысымен де танысты.

Алдымен аудан басшысы Қазалы қаласы тұрғындарының қаланың Қарлан беткейіндегі ұжымдық бақша егу жұмыстарын көрді. Мұнда тұрғындар бірігіп 2 гектар жерге қауын-қарбыз, 1 гектарға картоп және 3 гектарға көкөніс еккен.

Одан кейін Ү.Түктібаев ауылы тұрғындарының ұжымдық бақша алқаптары аралады. Ауылдық округтегі Қостам учаскесінде 18 адам бірігіп 10 гектар жерге, ал Қасқа учаскесінде 13 адам бірігіп 10 гектар жерге картоп, көкөніс және бақша дақылдарын еккен.

Аудан әкімі Майдакөл ауылы маңындағы бақшалық жұмыстарымен де танысты. Ауыл сыртындағы Құлпыбай учаскесінде ауыл тұрғыны Алмасбек Наукеев жалпы 3,5 гектар жерді игеріп, оның 2 гектарына қауын-қарбыз, 0,5 гектарына картоп пен көкөніс, 1 гектарына жоңышқа орналастырған.

Бақшалықтарды аралау барысында аудан басшысы «Агро Өркен» ЖШС-нің егіс алқабын да көрді. Серіктестік биыл 465 гектар жерге күріш, 100 гектарға бидай, 50 гектарға мақсары, 297 гектарға жаңа жоңышқа және 623 гектарға ескі жоңышқа орналастырған.



Жалпы биыл аудан бойынша 224 гектарға картоп, 951 гектарға көкөніс, 1118 гектарға бақша дақылдары егілсе, негізгі дақыл – күріш 2447 гектар жерге орналастырылды.

Егістік алқаптарын аралау барысында аудан әкімі бау-бақша шаруашылығының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызын атап өтті. Сонымен қатар тұрғындардың көптеп бірігіп бақша егумен айналысуы нарықтағы азық-түлік бағасын тұрақ-

тандыруға оң әсер ететінін жеткізді. Аудан басшысы тиісті сала жетекшілері мен ауылдық округ әкімдеріне бау-бақша егумен айналысатын тұрғындарды қажетті ағын сумен уақытылы қамтамасыз етуді тапсырды. Бүгінде бақша өнімдерінің алғашқы легі пісіп, сатылымға шығарылуда. Бұл – диқандалардың маңдай тері мен тынымсыз еңбегінің нәтижесі. Берекелі еңбек пен бірліктің арқасында аудан тұрғындарының ырысы арта түспек.

### КӨЗ АУРУЛАРЫН АНЫҚТАЙДЫ

**АРАЛ** ауданында халыққа қолжетімді медициналық қызмет түрлерін дамыту бағытында жеке кәсіпкерлік бастамалар жүзеге асырылуда. Соның бірі-көз ауруларын анықтау және емдеу қызметін көрсететін дәрігерлік кабинет.



Кәсіпкер «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржылық ұйымы» ЖШС арқылы қаржылай қолдау алып, көз дәрігерлік кабинетін ашу мақсатында өз кәсібін іске қосқан. Бүгінде медициналық нысан аудан тұрғындарына тұрақты түрде қызмет көрсетуде.

Кабинет заманауи медициналық құрал-жабдықтармен жабдықталған. Мұнда тұрғындарға көз ауруларын ерте анықтау, диагностикалық тексерулер жүргізу, кеңес беру және бастапқы емдік шаралар көрсету қажеттілігін айтарлықтай азайтты. Бұл өз кезегінде уақыт пен қаржыны үнемдеуге мүмкіндік беріп отыр.

Кәсіпкер алдағы уақытта медициналық қызмет аясын кеңейтіп, орталықты жаңа буындағы заманауи диагностикалық және емдік құрылғылармен толықтыруды жоспарлап отыр. Бұл бастама аудан деңгейінде офтальмологиялық қызмет сапасын арттыруға бағытталған маңызды қадамдардың бірі ретінде бағалануда.

*Бүгінде аудан бойынша спорттың 28 түрімен 38 мыңға жуық адам тұрақты түрде айналысады. Бұл өз кезегінде бұқаралық спортты дамытуға және тұрғындардың денсаулығын нығайтуға бағытталған жұмыстардың нәтижелі жүзеге асып жатқанын көрсетеді.*

Спорт кешенінің жалпы ауданы 982,15 шаршы метрді құрайды. Ғимараттың құрылыс алаңы 885,40 шаршы метр, ал құрылыс көлемі 9 990 текше метр. Заманауи талаптарға сай жобаланған нысан өлшемі 20x42 метр болатын тіктертбұрыш үлгісінде салынуда. Құрылыс жұмыстарын «Интегрострой» ЖШС жүзеге асыруда.

дардың тұрақты пайдалануында. Нысанды аралау барысында аудан әкімі Айтбай Жандарбеков жауапты сала басшылары мен мердігер мекеме өкілдеріне құрылыс жұмыстарының сапасына ерекше мән беруді, барлық жұмыстарды бекітілген кестеге сәйкес уақытылы әрі сапалы аяқтауды тапсырды.

**Кітапхана**



**Мұхтар МАҒАУИН**

1945 жылдың 30 апрелінде, совет-герман соғысы аяқталуға тоғыз күн қалғанда геологиялық экспедицияның Бетпақ Далада адасқан “У-2” шолғыншы аэропланы жағармайы сарқылып, шарасы таусылған ең соңғы сәтте көз ұшындағы бозғыл ойпаңда адам тұрағы барын аңдады. Иен емес, елді мекен; бұрқыраған түтін шықпаса да, қарауытқан тіршілік нышаны анық байқалады, тіпті, таяу маңда бүкіл жылқы жайылып жүр. Адам тұрағына бет бұрар бұрмастан-ақ мотордың үні өшті, пропеллер сыр етіп, буалдыр шеңберге айналған да, емескі тармақтанып, кері серпіле бере қалт тынған. Жүзіп емес, жер бауырлай қалықтап келе жатқан ұшақ боз ойдың жиегіне, баялыш, жусанды сұрғылт дөңеске лықси текіректен барып қонғанда бүкіл даланы тұмшалаған тыныштықтан құлақ жарыла жаздаған. Аэроплан ішіндегі үшеу - алдыңғы кабинадағы ұшқыш орыс, артқы, ол да бір кісіге арналған кабинадағы бұттарын айқастырып, қарама-қарсы отырған дөңгелек, жылтырбет қазақ пен европалық екені, азиат екені айырғысыз, қоңқақмұрын, көккөз, сірә кавказдық гүлбан қара - «yh!» деді ме, «ah!» деді ме, терең тыныс алып, бір сәт үнсіз қалған. Содан соң ұшқыш далбайының құлағы жалбырап, көтеріле бере, кері бұрылды да, әлде кейінгі екеуді, әлде Бетпақтың меңіреу даласын сықпырта балағаттап алды. «Слава богу, живы!» - деді көзі жыпылықтап, ыржия күлген қазақ; ызалы ұшқыш аяғын сыртқа асқан кезде ғана көтерілген. Үшеуі де жерге түсті. Түскен кезде ғана аңдады: дымсыз, қимылсыз тынған мына маң дала, меңіреу иенде салбырай жер бауырлаған, соншалық кішкентай, соншалық бейшара кепке түскен көк жасыл ұшақтың оң жақ қапталында, анадайда, теріс қарап күйбеңдеген жан иесі - кәдімгі тірі адам өсіп шығыпты. Өлде жер қазған, өлде топырақ аршыған кейпі бар, бұларға назар аудармайды. Аспаннан түскен үшеу жайлап басып қасына келгенде сәл іркіліп, қырындай қарады да, жұмысын жалғастыра берді. Аспаннан түскен үшеуі тамағын кенеп мекірденді, былш-былш түкіріп, қақырынды, ұйған аяқ, қолдарын жазып отырып-тұрды, есінен керілді - жердегі жалғыз шаруасын тоқтатпаған. Осыншама ыстықта жүні сыртына айналдырылған тері тон, төбесі оңып, пәре-пәре жұрттылған пұшпақ бөрік киген жаман қазақтың мұншама паңдығына, паңдығы емес, толастығына қаны қайнаған, онсыз да жарылғалы тұрған летчик жер тебінді, жұмыр басындағы жылтырақты, түймелі былғары далбайының түбіндей қос құлағы жалбаң-жалбаң етіп:

— Где же мы находимся, черт бы тебя побрал?! - деп, ышқына зекірді. Жердегі жыртық бөрікті жалғыз жалт қарады. Танауы қусырылған тұзу қыр мұрынды, биік қабақ, қиғаш мұртты, жасы қырықтың жуан үстіндегі сұлу кісі екен. Өзі сап-сары, көзі тұздай көк. Орыс. Орыс болғанда, жалбыр тон, жыртық бөрікпен қарамастан, өңі суық, айбынды орыс. Аспаннан түскен үшеу тосылып қалды. Басқаларынан бірер қадам жақын тұрған қазақ кеудеден ұрғандай кері шегінді.

— А?.. Кім... Бұл қай жер?.. - деген сасқалақтап.

Жердегі жалғыз аспаннан түскен үшеудің әрқайсысына жіктей, тесерсе қарап алды да, жайбарақат, жеңіл құрсінді; асықпай бұрылып, шаруасын қайта жалғастырған. Аспаннан түскен үшеу жердегі жалғыздың қам-қарекетін сонда ғана пайымдады. Кісі көміп жатыр екен. Жаңа ғана көміп болған. Енді қолындағы шолтыған кішкентай күреппен төмпеш үйік етегіндегі шашуау тұпырақты жинақтап, жан-жағын оңдап жатыр. Оңдап бітті. Қабірді қасқыржон қалыпқа түсірді. Содан соң тізерлей отырып...

«Ағу-у-уаз биллаһи-и...» Күмбірлетте

құран оқуға кіріскен. Бар мақамын келтіріп, ұзақ оқыды. Қанша ұзақ оқыса да ақыры бітті. Бітіп, «Аллаһу акбар!...» деп бетін сипады. Бетін сипаған соң сәл үнсіз отырып, жер таянып барып орнынан тұрды. Көкпеңбек көзі мөлдіреген тап-таза жас екен. Қусырылған танауы, күрең мұрты, үшкіл иегіне дейін. Жерге басы жеткенше иіліп, дөңкіген қабірдің дымқыл топырағын сылады. Қатарында дәл осындай, бірақ басылған, кеберсіген, үстіне сояу-сояу ақ сораң шыққан, құбыла бетіне арбақ-сарбақ сексеуіл сайғақ шаншылған үлкенді-кішілі тағы екі қабір бар екен. Қаралы жалғыз оларға да тау етті.

**роман**

# САРЫ ҚАЗАҚ

— Примите наши соболезнования... - деді аспаннан түскен үшеудің ортаншысы - ұлты, тегі белгісіз гүлбан қара басындағы кенеп қалпағын алып.

— А... иә... соболезнование... артының қайырын берсін...- деді қазақ миңгірлеп.

Былғары далбайының құлағы жалбырап, енді айран-асыр болып тұрған ұшқыш орыс жерге түкірді. Ештеңе естімеген, ештеңе аңдамаған кейіпті қаралы жалғыз шолақ ағаш күрегі мен темір қайласын қолтығына қыстырып, ойға - қарауытқан қыстауға қарай аяндады. Аспаннан түскен үшеу біріне-бірі қарап аз бөгелді де, үшеуі бірдей шалбарларының ауына қол салды; түймелерін ағытып, неше сағат бойы аспанда жинақталған зәрін сол тұрған жерлеріне борылдата текті де, иықтарын қомдап, сілкініп алып, қою қапырықта малтығандай, салыққан аяқтарын сүйрете басып, ауыл иесінің соңынан ерді.

Ойдағы қыстау - жалғыз үй екен. Үй емес, төбесі түйетайлана жабылған жеркеле. Өудем жерде дөңгелектені тігілген сексеуіл шарбақ, басы күрегіленген құдық көрінеді. Үй іргесінде, ақ топыр желіге байланып өкі-үш құлын, үйездеген бірнеше бие мен тай тұр.

Аспаннан түскен үшеу кез келген қазақ аулына барғандағы әдет бойынша үйге сұраусыз кірді. Кіргенде, текше баспалдақпен төмен түсті. Бірден салқын леп соққан. Кепе терең екен. Терең, биік, кең. Арбақ-сарбақ, жуанды-жіңішкелі сексеуілмен жабылып, төбесіне әр жерден тіреу қойылған. Қабырға ку бұталармен шарбақталып, лаймен сыланыпты. Кей жерлері жарылып түскен; әкелімегелі көп болғаны байқалады. Еденде киіз де, текемет те жоқ. Тері. Қатарластыра, қабаттастыра төселген, қаба жалы төгілген, жирен аралас өңшең көкбоз жылқы терісі. Төмендегі бұрышта тік тартпа мұржалы, биік қазандық. Төр жақ қазақы жал пешпен бөлінген сияқты, ортасында арқалығы үшкіл, тапалтақ есік көрінеді. Есікке тұр-түсі белгісіз, әр жері сәтінеп жұрттылған кенеп перде іліп қойыпты. Аспаннан түскен үшеу жоғарғы бөлмеге өтуге батпады, ауызғы үйге, төргі қабырғаға арқаларын тіреп, жұмсақ тай тұлақ үстіне отыра-отыра кеткен.

Үй иесі манағыдай емес, өңі жылыған, бірақ сол үнсіз қалпы, босағада тұрған үлкен қара торсықты толғай пісіп, ағаш саптаяққа қымыз құйды да, гүлбан қараға әкел ұсынды. Гүлбан қара - қазаққа берді, қазақ - орысқа ұстатты. Келесі аяқ қазаққа ұсынылды - гүлбан қара ішт. Соңғы аяқ орысқа тартылды - қазақ ішт.

— Барымыз осы...- деді үй иесі алақанын жайып. —Мейман күтпей едік. Өрі қайғы үстіне келдіңіздер...

Қазақша айтқан. Таза сөйлеген. Үшеуі бірдей, төбеден ұрғандай, тым-тырыс отырып қалды.

— Қайтыс болған... кім, жолдасыңыз ба? - деп сұрады сөлден соң қазақ.

— Жоқ... Менде құдайдан басқа жолдас болған емес, - деді үй иесі күрсініп. — Төбедегі ала көлеңке сәуле түсіп тұрған жарғақ терезеге қарады. Мұртын ширатып, жанарын төмен салды.- Әкем сорлы. Қасында жатқан - балам. Одан соңғысы - бәйбішем... - Көп сөйлеп кеткеніне қысылғандай, қалт тоқтады. Тұқырап, жұдырығына таянып отырып қалды.

— Бұл қай жер? - деп сұрады қазақ.

— Бетпақ...- деді үй иесі.

— Бетпақ болғанда... Бетпақтың қай жері?

— Көкжайлау.- деді үй иесі.

— Көкжайлау болғанда... қай тұс?..

— Қай тұс?- Үй иесі созалаңдап, мұртын шайнап аз бөгелді. — Сыпатай мырза келіп қоныстанған тұсы.

Қазақ қалған екі серігіне қарап, иығын қиқаң еткізді. «Міне, қызық адам,- деді орысшалап. — Ештеңе ұқпайды, ештеңе білмейді...»

«Ауданын, облыс, колхозын сұра,- деді ұшқыш. - Қалғанын картадан тауып аламыз».

— Қай колхоз, қай ауданға жатасыз? - деп сұрады қазақ.

— Колхоз... Қалқоз...- деді үй иесі ащы жымылып. - Қалқоз орнады ма ақыры? Құламай әлі тұр ма?.. Мен білмеймін қалқоз-малқоз дегенді. Жоқ мен үшін қалқоз-малқоз!..

Қазақ бар естігенін жолдастарына аударып жеткізген.

— Совет өкіметінің бар-жоғын да білмейсің бе? - деп сұрады ұшқыш орысша. Қазақ: «Совет өкіметіне қалай қарайсың?» - деп аударды.

— Мен үшін алла тағаланың өкіметінен басқа патшалық жоқ,- деді үй иесі.

— Нағыз балшабек екендеріңе сендім, - деді күлкісі қалт тыйылып.

— Нағыз темір балшабексіңдер. Дарылдап, дүрлідеп ұшасыңдар, бірақ неге ұшқандарыңды, қайда қонатындарыңды білмейсіңдер, бензеннің аз-көбі, бағдардың оң-солы — бәрібір, көп болса да сарқасыңдар, оң болса да адасасыңдар, ақыры, машина өртенуге жақындағанда бес жүз шақырым төңірегінде бір тамшы суы жоқ Бетпақтың қақ ортасына келіп түсесіңдер! Және сол қу медиен шөлге, алтап пен апат ошағына өздерің тықсырып қуған, қоғамнан тыс деп жариялаған, көзін жойып, тұқымын құртудан басқа ештеңе ойламаған қас дұшпаннан — ел аманда тауып алған, тыныштықта тілеп алған дұшпандарыңнан көмек сұрайсыңдар. Көмек! Бір тамшы май! Бір тілім нан! Жоқ! Менде зермай жоқ. Нан да жоқ. Болса да бермес едім. Бір жұтым сусынға рақмет айтыңдар. Кім екендеріңді білдім — енді ол да жоқ! Таза дүниені, кең дүниені былғамандар, тарылтпаңдар! Аулақ! Шарасыз үшеу сыртқа шығып

Бұдан соң ұшқыш орыс жуасып қалды, өз сөзінен өзі шошынғандай, таулық гүлбан қара да түтіліп, құныса кішірейген. Мықыр қазақ болса болмаса таяқ жеген иттей.


Бірақ кеш батпай қойды. Араға тағы да елші салуға тура келген. Қорықса да қайраны жоқ тілдес туысың.

Жылтыр бет мықыр қазақтың баруы тез, қайтуы ұзақ болды. Босатам, толық еркіндік берем депті. Яғни, төңіректің төрт бұрышына жол ашық. Қалай ашық? Солай ашық. Ешкім ұстамайды. Қалаған жағыңызға кетесіз. Рас, төрт жүз шақырым төңіректе су жоқ. Бірақ бәрібір қаталап өледі — осы Көкжайлауда да су жоқ. Бар, әйтсе де тамшысын татырмайды: Егер кетсе ғана... Екі торсық су береді. Әрине, торсығымен қоса, тегін. Бір аптаға жетеді. Артығымен жетеді он күнге. Жеткізе алмаса обалдары өздеріне. Айтпақшы, тағы бір шарты бар. Су алардан бұрын орыс ұшқыштың талапшасын әкет беру керек, бар оғымен. «Егер бұл шартты қабылдамасандар, - депті, тұтас арсенал — қаншама оғы бар маузер, үш винтовканы қатарынан көрсетіп, — көп ұзатпай-ақ үшеуіңді де атып тастаймын. Қалай? Иттей қылып. Жалғыз-ақ бесатармен. Асықпай аяңдап, анау тұқыл тапаншаларыңның қарымы жетпес шамаға дейін барам да, баптанып, рақаттанып кездеп тұрып, ұш-ақ оқпен. Күмәндарың болмасын. Ойлануға отыз минут. Одан ары... күн батып кетсе, анда-мында қашып, әуреге түсіресіңдер...»

Жапанда қалған үшеу ақылдаса келе есерсоқ жалғыздың барлық шартын қабылдады. Ұшқыш қаруын тастаған. Таулық гүлбан қара мен жылтыр бет мықыр қазақ су толы торсық арқалаған. Оқланы үңірейген маузер астында ауылдан шығып, тура батысқа — толқына буалдырланған, теп-тегіс көкжиекке тіреліп, сәт озған сайын шетінен жеміріліп бара жатқан мейірімсіз қызыл дөңгелекке қарай бет түзеген.

— Балшабектер алмайтын қамал жоқ! Балшабектер қандай қиындықты болмасын жеңеді! Троцкий жолдасқа, Сталин мен Бухарин жолдастарға жалынды сәлем айта барыңдар! - деді мейірбан отағасы бұлардың соңынан айқайлап. —Марксизм - адамзатты бақытқа, нұрлы болашаққа бастайтын ең даңғыл жол! Алға, жолдастар, алға!

Арада сүт пісірім уақыт өткенде екі аяғы салаңдап, соңдарынан қуып жетті.



— Онда біздің жерімізге тұтқиылдан, опасыздықпен басып кірген зулым жаумен бүткіл Отанымыз, бүткіл Отанымыздағы алпыс ұлт төрт жыл бойы келісіліп соғысып жатқанын да білмейсің ғой?

— Баяғы ақ пен қызыл ма? - деген қарсы сауал қойды үй иесі.

— Қайдағы ақ! Азамат соғысы, одан соңғы коллективизация, одан кейінгі Сталиндік бесжылдықтар түгел жеңіспен аяқталған. Ұлы Отан соғысы! Немістермен соғыс!

— Немістермен?— деді үй иесі шынымен таңырқап. — Тағы не жетпей қалды?

— Жетпегені қалай?— деді қазақ көзі төбесіне шығып.— Біз Отан үшін!.. Ұлы Сталин үшін! Тұтқиылдан басып кірді. Опасыздықпен шабуыл жасады!..

— Сендер өздерің бастап жіберген жоқсыңдар ма?

Үй иесінің ақылы кемісі анық болды.

— Өзін бастағаны қалай?— деді қазақ сонда да тоқтай алмай.— Біз... Біз деген...

— Сіз деген бүкіл жиһандық революция жасауыңыз керек еді ғой. Сол жер жүзілік төңкерісті Германиядан бастасаңыз несі бар!

— Енді орнатамыз,— деді қазақ өзеленіп. — Бүгін-ертең Берлиннің төбесіне жеңіс туы қадалады. Содан соң бүкіл Европада социализм жеңіп шығады. Содан соң Америка... Біздер — ұлы Сталин бастаған большевиктер...

— Тоқтат, ақымақ! — Үй иесі оқыс ақырды. — Фау етіңіздер, - деді келер сәтте. — Сіз... — Қолын кеудесіне басып, айран-асыр гүлбан қараға басын иді. —Сіз... — Тіксініп, атып тұруға ынғайланған шомбал ұшқышқа тағзым жасады. — Сіз де... — деді құты қашып, қызара терішіп, тұқырып отырған қазаққа, төбесінен аса қарап. — Меймансыздар, кінә менен. Ал енді... келген іздеріңізбен кері қайтасыңдар. Аман-түгел тұрғанда. Міне есік. Өне дала...

Сөз аңғарын ұқпаса да, үй иесінің астам сөйлеп отырғанын байқаған, кешірім сұрағанға, бас ұрғанға қанағаттанбай, ызалана бастаған, тапанша қабына қолы екі-үш рет барып қайтқан ұшқыш орнынан көтеріле берді. Өңіме мәнсінін сұрап еді. «Сумашедши!»— деді қазақ. — Ненармальный!.. Бірақ үй иесіне сыйпай сөйлеген.

— Отағасы! Мұныыз адамшылыққа жатпайды. Біз — жай қыдырып келген емес, апатқа ұшыраған, адасқан жолашушылармыз. Біз бензіниміз таусылып қондық... — Отағасы қарқ-қарқ күлді.

кеңесті. Қу медиендегі жалғыз үй өлде бекетші, әлде қорықшы. Таяу маңда, тым құрса елу-алпыс шақырымда елді қоныс бар. Қатынас болмауы мүмкін емес. Үшеуі екіге бөлініп, жер кесілі бірер шақырым жерден дөңгелек айналып шықты. Ешқандай соқпақ, сорап байқалмайды. Ешқандай тіршілік белгісі жоқ. Жалаңаш топырағы суырылған, ойдым-ойдым болып, сұрғылттана шұбартқан дөңесте жүрген төрт-бес жылқы бұлар таяу келгенде оқыра ойқастап, дем тартып азғана бөгелді де, дүркірей қашпағанымен, ысырыла сырғып, аулағырақ барып жусады. Тым құрса торғай ұшсайшы. Тышқан жүгіріп өтсеіші. Құлаққа ұрған танадай. Бесінге ауған күн бар қызуын жаңа тапқандай, бойындағы бар дымның сорып, қуырып, өртеп барады. Көз жетер көк жиекте көлеңке болар бұта көрінбейді. Манағы қымыз қанды келтіре, қарынды ашытра түскендей. Үшеуі салбырай мүлгіп тұрған аэропланға әрең жетті. Жансыз қанат көлеңкесінде аз-маз ес жиган. Өз жағдайларының қаншалық ауыр екенін сонда ғана ұғысты. Әрине, жапандағы үй үлкен жермен байланыспай тұрмайды. Бірақ қашан? Өлікті жалғыз өзі қойғанына қарағанда, тау маңда ел жоқ. Мүмкін, бір айдан соң қатынасар. Мүмкін, бес айдан соң... Есерсоқ отағасымен келісімге келмей болмайды. Елшілікке, әрине, домалақ бет, мықыр қазақ тағайындалған.

Елшінің баруынан қайтуы тез болды. Мынау! — жай ғана жынды емес, құтырған жынды екен. Сендер менің тұтқынымсыңдар депті. Не істейтіндіміз әлі шешкем жоқ. Мүмкін, қаталап өлуге шөлге айдап тастаймын. Мүмкін, сол аэропландарыңның түбінде, әке-шешеме, әйеліме құрбанға шалып, малша бауыздармын. Өзім де ойланып отырмын депті. Кешке дейін ойланам. Күн батқанша тағдырларың шешіледі! Дәл осы сәтте орыс ұшқыш жарылып кетті. Қолы дірілдеп, қабын әрең ағытып, беліндегі тапаншасын алған. Балағаттай түкірініп, орнынан тұрған. Гүлбан қара ашулы ұшқышты оңай тоқтатты. «Василий Васильевич! - деген. — Бұл — тегін адам емес. Толық қарулы... Қалай байқамадыңыздар, - деген сонда соң. —Төргі үйде, қабырғада маузер тұр ғой. Кәдімгі, революциялық, «товарищ Маузер...» Сән үшін ілмеген, әрине, түріне, мінезі мен сөзіне қараңдаршы. Қазақ емес. Орыс та емес. Мүмкін поляк, мүмкін француз. Қайдан келді? Не бітіріп отыр? Мүмкін неміс агенті шығар... Қалай ұқпайсыңдар! Ақыл-есі түзу. Тек ештеңеден қорықпайды. Өте қауіпті адам. Пулемет, бомба шықса да таңырқамас едім...

— Есірік ұран астында миларың ашып кеткен екен, жолдас емес жолдастар! - деген, жайдақ ат үстінде мықынын таянып. — Батыс жақ — қалың құм, елсіз иен. Онтүстікке қарай жүріңдер. Тура оңтүстікке. Сегіз-тоғыз күнде, ары кетсе екі аптада не ел шетіне, не су шетіне жетесіңдер. Адастырғаным емес. Қандарыңа ортағым жоқ. Ендігісі өздеріңе байланысты. Айтпақшы, - деді атының басын бұра бере,— мынау сендерге... бүгін жамбасы жерге тиген әкемнен сәлемдеме...

Түкті тері дорба ішінде екі-үш кесек піскен ет бар екен. Ысталып сүрленген, майлы, қыртысты, өңді ет. Және ұшқыштың былғары қапты тапаншасы. Барлық оғымен.

— Дьявол! - деді ұшқыш тістеніп. Айрықша күшті тағы бірнеше сөз айтты.

— Дезертир! - деді гүлбан қара. — Соғыстан қашқан. Бірақ өзінің есі түзу емес сияқты.

— Шпион!- деді жылтыр бет қазақ. — Мына торсықтағы суды ұлап берген жоқ па екен?

— Өзін құйып алдың ғой,- десті қалған екеуі. — Тура құдықтай.

— Иә, солай екен ғой. Құдығы біреу-ақ сияқты, өзі де ішіп отыр, ұлай қоймаған шығар. Онда етін ұлап әкелді...

— Алдымен саған жегізіп тексереміз, - деді ұшқыш орыс жерге түкіріп. — Инженеришко! Қанша оқытсақ та, мал күлілерінде қаласыңдар! Өзіңе көк тиын пайдасы жоқ кенді неменеге іздейсің? Жүрмейсің ба, мал соңында баяғыдай...

— Василий Васильевич! Сіз аскарбайт етпеңіз, пажалықта, - деді жылтыр бет мықыр қазақ орысша мәнерлеп, дәмдеп, бірақ именшектей сөйлеп. — Совет өкіметінің арқасында біз де жетілдік. Баяғы қайыршы тұрмыстағы надан қазақ жоқ қазір... Бастаушымыз ұлы Сталин, аға халық — ұлы орыс халқының арқасында... Әкелік қамқорлықтың арқасында, тағылықтан, феодализмнен аттап өтіп, социализм орнатып, адамзаттың нұрлы болашағы — коммунизмге қарай...

— Идиот!-деді Василий Васильевич айқайлап. — Міне, сенің жеткен коммунизмің! — Қарауыта шегіп бара жатқан тұлдырсыз төңіректі көрсетті. — Еше шпион іздейсің! Мен таптым. Сенсің нағыз шпион! Дикий далаңда бізді әдейі адастырған. Атып тастаймын, суким сын! Сонда екі бурдюк Эфенди Мустафаевич екеумізге бір айға жетеді. Сволочь ты этакий! Сөйлейсің еше!..

(Жалғасы бар)

Сұрағым бар...

## ЖЕКЕ КЛИНИКАДА МӘМС АЯСЫНДА ЖҮРЕККЕ ОТА ЖАСАЛАДЫ МА?

Бүгінде заманауи хирургиялық оталар тек мемлекеттік стационарларда ғана емес, Қызылорда облысындағы жекеменшік медициналық ұйымдарда да қолжетімді бола түсуде. Бұл өсіресе медициналық көмекке жүгінудің ең жиі себептерінің бірі болып саналатын жүрек-қан тамырлары ауруларына шалдыққан пациенттер үшін маңызды.

Осындай медициналық орталықтардың бірі – «Денсаулық групп» клиникасы. Бір жарым жыл ішінде мұнда жүректің ишемиялық ауруы, стенокардия, артериялық гипертензия, ишемиялық кардиомиопатия және басқа да жүрек-қан тамырлары жүйесі ауруларымен ауыратын өңірдің шамамен 1,5 мың тұрғыны ем қабылдаған. Қажет болған жағдайда пациенттер Емдеуге жатқызу бюросының порталы арқылы қайта емделуге жолдама ала алады.

Сырдария ауданының тұрғыны Темірбай Сағынай міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің арқасында қажетті көмекті тегін алғанын айтты.

- Екі жыл бұрын осы клиникада маған стенттеу ота жасалды. Қазір дәл осындай екінші отаға дайындалып жатырмын. Мен зейнеткермін, МӘМС жүйесінде сақтандырылғанмын. Денсаулықымды бер кезінде күтуге мүмкіндік бергені үшін алғысымды білдіремін, – дейді ардагер.

Шіелі ауданының тұрғыны Күнімжан Мадиева да жүрек ауруымен бес жылдан астам уақыт бойы күресіп келеді. Ол жақында қайтадан стенттеу отадан өткен.

- Емхананың жолдамасымен коронарографиядан өттім, содан кейін маған стент қойылды. Бірнеше жылдан соң басқа зақымданған қан тамырына қайта араласу қажет

болды. Қазір өзімді жақсы сезінемін, тексерулер мен емді тегін алып жатырмын. Баршаңызды МӘМС жүйесінде сақтандырылған болуға шақырамын, – дейді пациент.

Аз инвазивті емдеу әдістері ағзаға түсетін жүктемені айтарлықтай азайтып, асқыну қаупін төмендетуге және қалпына келу мерзімін қысқартуға мүмкіндік береді. Отадан кейін пациенттер клиника мамандарының бақылауында болып, бұл емнің тиімділігін арттыруға және ықтимал асқынулардың алдын алуға ықпал етеді.

Медициналық көмек тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және МӘМС жүйесі аясында көрсетіледі. 2026 жылы аталған қызметтерді көрсету үшін «Денсаулық групп» клиникасына Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан 316 миллион теңгеден астам қаражат бөлінді.

Клиника бөлімшесінің меңгерушісі Ринат Исабайдың айтуынша, МӘМС жүйесінің жоғары технологиялық медициналық қызметтердің құны айтарлықтай жоғары. Сондықтан «сақтандырылған» мәртебесінде болу маңызды.

- Стенттеу отаның құны шамамен 1,7 миллион теңгені құрайды. Күндізгі стационар жағдайындағы коронарографияның құны – 170 мың теңге, ал тәулік бойғы стационарда – 425 мың теңге. Бұдан бөлек, қатар жүретін ауруларды да емдейміз. Емдеу мерзімі 10 күнге дейін созылуы мүмкін, – деді дәрігер.

МӘМС жүйесіндегі жекеменшік сектордың дамуы жоғары технологиялық медициналық көмектің қолжетімділігін арттырып, өңір тұрғындарының жүрек-қан тамырлары ауруларын сапалы әрі елеулі қаржылық шығынсыз ем алуына мүмкіндік беріп отыр.

## КОЛЛЕКТОРЛАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ КЕЗІНДЕ НЕЛЕРДІ БІЛУ МАҢЫЗДЫ?

### Кредитор қарызды коллекторларға қашан береді?

Банктер және микроқаржы ұйымдары қарыз алушыны төлем мерзімі өткені туралы ол туындаған сәттен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде хабардар етеді және қайта құрылымдау ұсынады. Егер берешек реттелмесе және мерзімін өткізу 90 күннен асып кетсе, кредитор борышты сатуға (құқықтарды (талаптарды) басқаға беруге) немесе оны коллекторлық агенттікке сотқа дейінгі өндіріп алуға беруге құқылы.

Бұл ретте **2024 жылғы 1 шілденен** бастап азаматтардың кредиторі бойынша құқықтарды (талаптарды) коллекторлық агенттіктерге беруге екі жылдық мораторий енгізілді, ол оны **1 жылға - 2027 жылғы 1 мамырға дейін** қосымша ұзартуды ескере отырып қолданылатын болады.

Бұл кезеңде азаматтардың қарыздарын коллекторларға сатуға тыйым салынады және реттеу тек қайта құрылымдау, айыппұлдарды, өсімпұлдар мен комиссияларды кешіру не талап ету құқығын басқаға өткізбей берешекті сотқа дейін өндіріп алуға беру арқылы мүмкін болады. Мораторий аяқталғаннан кейін борышты басқаға беру тек мерзімін өткізу **24 айдан асқан** және кредитор міндетті түрде өсімпұлды кешіре отырып реттеу рәсімдерін жүргізген кезде ғана рұқсат етіледі.

### Борышкердің құқықтары мен міндеттері қандай?

Заннама азаматтардың мүдделерін қорғайды, сондай-ақ оларға сындарлы диалог үшін белгілі бір жауапкершілік жүктейді.

**Борышкер:**  
- коллекторлық агенттік, берешектің құрылымы мен мөлшері туралы мәліметтер талап етуге;  
- өзіне ыңғайлы тәсілді және өзара

әрекеттесу кезеңін таңдауға, сондай-ақ барлық қарым-қатынас процесін тіркеуге (жазуға);

- берешекті сотқа дейінгі тәртіппен реттеуге немесе коллекторлық агенттіктің талаптарын сотта даулауға;  
- коллекторлық агенттіктің әрекетіне (әрекетсіздігіне) Қаржы нарығын реттеу мен дамыту агенттігіне жүгінуге құқылы.

**Борышкер:**  
- коллекторлық агенттікке өзінің тұрғылықты жерінің, телефон нөмірінің және жеке басын куәландыратын құжаттардың, байланыс деректерінің өзгергені туралы хабарлауға;  
- берешекті реттеу жөнінде коллекторлық агенттіктен өзара іс-қимыл жасауға **міндетті**.

### Коллекторлар қалай жұмыс істеуге тиіс?

Заң борышкермен байланыс жиілігін реттейді және коллекторлық агенттіктерді өздері туралы ақпаратты толық ашуға міндеттейді. Борышкермен өзара іс-қимыл **жұмыс күндері сағат 8:00-ден 21:00-ге** дейін рұқсат етіледі және саны бойынша шектелген:

- телефон қоңыраулары - коллекторлық агенттіктің бастамасы бойынша күніне үш реттен артық емес;  
- жеке кездесулер - күніне бір реттен артық емес және аптасына үш реттен артық емес;  
- хабарламалар - жазбаша, сондай-ақ ұялы байланыс арқылы мәтіндік және дауыстық хабарламалар жіберуге рұқсат етіледі.

- борышкермен әрбір байланысқа түскен кезде коллекторлық агенттіктің қызметкері компанияның атауы мен мекенжайын, есептік тіркеу нөмірін, кредитордың атауын, сондай-ақ өзінің аты-жөні мен лауазымын хабарлауға міндетті.

**Коллекторларға не істеуге тыйым салынады?**  
Коллекторлық агенттіктерге

## ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН ЕРТЕ ПАЙДАЛАНҒАН ТИІМДІ МЕ?

Өткен бес жарым жыл ішінде тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге ақы төлеуге 5,8 трлн. теңгеден астам зейнетақы жинағы пайдаланылды.

Оның ішінде ең көп қаражат 2021 жылы алынды – шамамен 2,6 трлн. теңге. 2022-2023 жылдары үрдіс төмендегенмен, соңғы жылдары жинақтарды алу көлемі қайта артып, 2025 жылы 1 трлн. теңгеден асты.

Жыл	БЖЗҚ өтінім берушілердің арнайы шоттарына есептеу үшін уәкілетті операторларға аударды:	
	Тұрғын үй жағдайларының жақсартуға (сома, млн. теңге)	Емделу ақысын төлеуге (сома, млн теңге)
2021	2 468 085	126 542
2022	703 232	192 391
2023	170 905	100 386
2024	396 683	173 875
2025	824 360	391 733
1.01.2026 ж. бастап 31.05.26 ж. дейін (01.06.2026 жағдай бойынша)	318 206	333

Еске сала кетейік, Мемлекет басшысы зейнетақы жүйесінің негізгі міндеті – азаматтардың зейнетақымен қамтамасыз ету, «мақсатымыз – бүкіл жинақты қазір үлестіріп, азаматтарды

қарттық шағында лайықты зейнетақысыз қалдыру емес» екенін қадап айтқан болатын.

Осы жылдары алынған қаражат көлемі азаматтарды зейнетақымен қамтамасыз ету сияқты тікелей міндетті шешуге бағытталған сомадан айтарлықтай асып түсті. Тіпті Қордан алынған қаражат көлемі кейбір жылдары түскен жарналардан да асып кетті.

Сондай-ақ жинақтарды шығару олардан алынбай қалған инвестициялық кірістің өсуіне әкеп соғады. Ұзақ мерзімді перспективада бұл зейнеткерлік жастағы жинақтардың айтарлықтай азаюына себеп болады.

Еске сала кетейік, Қазақстанда салымшылардың зейнетақы жинақтарындағы жинақталған инвестициялық кірістің үлесі өсіп келеді және қазір шамамен 40%-ды құрайды, ал халықаралық тәжірибеде бұл көрсеткіш әдетте 80%-дан асады.

Дамыған елдерде зейнетақы активтері инвестиция көзі және экономиканың тұрақты өсімінің негізі болып саналады. Озық елдерде жинақталған зейнетақы активтері ішкі жалпы өнімнің (ІЖӨ) 100%-ынан асады, ал Қазақстанда қазір зейнетақы активтері өлі де ІЖӨ-нің шамамен 16%-ын ғана құрап отыр.

Әлемде жинақтаушы зейнетақы жүйесінің басты міндеті – болашақ зейнетақы төлемдерін қамтамасыз ету. Сол себепті азаматтардың болашақ зейнетақысының лайықты болуы үшін зейнетақы жинақтарын сақтау және оларды Қазақстандағы және халықаралық нарықтардағы ұзақ мерзімді инвестициялау есебінен одан ары арттыру маңызды.

## ДРОППЕРЛІК: ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ШАРАЛАРЫ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Дропперлік – бұл азамат сыйақы үшін өзінің банктік карталарын, шоттарын, электронды әмияндарын немесе ЖСН-ді басқа біреудің ақшасын қабылдау, қолма-қол ақшаға айналдыру немесе аудару үшін беретін схема. Осындай схемаларға қатыса отырып, сіз қаражат ұрлауда делдал боласыз.

Қылмыстық кодекске сәйкес дропперлік қызмет үшін қылмыстық жауаптылық көзделген: айыппұл салудан бастап, мүлкі тәркілене отырып, 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасына дейін қолданылады.

Іс жүзінде дропперлік схемаларына қатысу көбіне «онлайн жеңіл табыс табу», «танысыңа көмек» немесе банкоматтың қасында бейтаныс адамдар ақшаны қабылдауды және аударуды сұрайтын жағдайларда пайда болады. Сонымен бірге «Онлайн-кассир болып жұмыс істеу, ақысын күн сайын алу», «200 000 теңге қабылдап, өзіңізге 20 000 теңге қалдырып, қалғанын аударып отыру», «Күніне 10 транзакция үшін 200 000 теңге» сияқты жылдам табыс табу туралы ұсыныстар да танымал.

Алаяқтықтың негізгі белгілеріне еңбек шартының болмауы, «жұмысқа кірісу қажет» деген шұғылталпап, картаның және паспорттың фотосуреттерін беру, СМС-пен келген кодтарды, банктік қосымшалардағы логиндер мен құпиясөздерді хабарлау, сондай-ақ жаңа карталарды ресімдеу және оларды үшінші тұлғаларға беру талаптары жатады. Осы белгілердің біреуінің болуы қылмыстық схемаға қатысу әрекетін білдіреді.

Банктер түскен сомаға сондай аударым аударуды, транзакциялар арасындағы қысқа интервалдарды, түрлі алушылар арасындағы аударымдар тізбегін және алаяқтыққа қатысқан шоттармен байланысты қоса алғанда, бір-біріне ұқсас операциялар бойынша дропперлерді анықтайды. Мұндай жағдайларда банктік шоттар бұғатталады, түсініктемелер мен құжаттар сұратылады, қызмет көрсету тоқтатыла тұрады, ал ақпарат құқық қорғау органдарына беріледі. Бұл ретте «бөтен» шоттар ғана емес, клиенттің өз қаражаты да бұғатталуы мүмкін.

Соттар дропперлерден негізсіз баю ретінде қолма-қол ақшаның толық сомасын өндіріп алады. Сонымен қатар банктер шоттар ашуға шектеулер қойып, қызмет көрсетуден бас тарта алады және барлық банктік сервистерге қолжетімділікті жаба алады.

Қорғау мақсатында азаматтарға ешқашан банктік карталарды, шоттарды, ЖСН мен қолжетімділікті үшінші тұлғаларға бермеуге, «қабылдап, аударып ал, комиссияны өзіңе қалдыр» форматындағы кез келген ұсынысты алаяқтық ретінде қабылдауға кеңес беріледі. Ал күмән туындаған жағдайда күдікті хабарламаларды тіркей отырып, банкке және құқық қорғау органдарына дереу жүгіну қажет.

## ТӨМЕНГІ ЖЕТКІЛІКТІЛІК ШЕГІ ҚАЛАЙ ЕСЕПТЕЛЕДІ?

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 21 мамырдағы №422 қаулысының талаптарын орындау мақсатында БЖЗҚ бұқаралық ақпарат құралдарында және өзінің ресми интернет-ресурсында есептеу әдістемесіне енгізілген өзгерістерді ескере отырып, 2026 жылға арналған зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шектерін (ТЖШ) жариялады.

Жаңа Әдістемеге сәйкес ТЖШ мөлшері болашақтағы нысаналы зейнетақы төлемдерінің көрсеткіштеріне негізделіп айқындалады және салымшының әрбір жасына қарай ай сайынғы төлемдердің келтірілген құнын есептеудің стандартты формуласы арқылы есептеледі.

Аталған формула болашақтағы төлемдердің тұрақтылығы мен болжамдылығын қамтамасыз ету үшін ұзақ мерзімді демографиялық (ұлттық демографиялық кестелер) және қаржылық (кірістілік мөлшерлемелері мен төлемдерді индексстеу көрсеткіштері) факторларды ескереді.

Төлемдердің келтірілген құнын есептеу формуласы қажетті жинақ көлемін анықтаудың халықаралық тәжірибесіне негізделген. Сондықтан есептеу нәтижелері макроэкономикалық көрсеткіштер болжамдарының өзгеруіне азырақ тәуелді болады.

Сонымен қатар есептеулерде бұрынғыдай республикалық бюджет туралы заңмен жыл сайын белгіленетін ең төменгі зейнетақы мен ең төменгі жалақы мөлшерлері пайдаланылады.

Бұл ретте формулада жинақтың бір бөлігін пайдаланған сәттен бастап зейнеткерлік жасқа дейінгі кезеңде түсетін болашақ зейнетақы жарналары есепке алынбайды. Мұндай тәсіл жинақтарының бір бөлігін пайдаланған азаматтардың болашақта төмен мөлшердегі жинақтаушы зейнетақы алу қаупін азайтуға бағытталған.

Сонымен бірге зейнетақы жинақтарының бір бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсарту мен емделуге пайдалану құқығы сақталады. Зейнетақысы бұрынғы табысының кемінде 40%-ын құрайтын зейнеткерлер тұрғын үй және емделу мақсаттарына жинақтарының 50%-ына дейін пайдалана алады. Сондай-ақ зейнетақы аннуитеті шартын жасаған азаматтар мен мемлекеттен еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы алатын арасын тұлғалардың зейнетақы шотында қалған қаражатты толық көлемде пайдалану құқығы бар.

Ең төменгі жеткіліктілік шегінен асатын жинақтарды пайдалану мүмкіндігі де сақталады. Алайда азаматтардың болашақта жеткілікті әрі тұрақты зейнетақы төлемдерін алуын қамтамасыз ету қажеттілігі

борышкермен өзара іс-қимыл кезінде мыналарға:

- борышкерді берешектің мөлшеріне, сипатына және туындау негіздемесіне қатысты жаңылыстыруға;  
- коллекторлық агенттік қызметкерінің аты-жөні, сондай-ақ жұмыс орны және (немесе) лауазымы туралы жалған ақпарат айтуға;

- борышкердің намысына, абыройына және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді таратуға немесе борышкердің мүдделеріне мүлкілік залал келтіре алатын мәліметтерді жария етуге;

- борышкердің құқығы мен бостандығына қол сұғатын, оның өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін, сондай-ақ оған мүлкілік және өзге де зиян келтіруге алып келетін заңсыз әрекеттерді орындауға;

- зорлық көрсету немесе борышкердің мүлкіні жою немесе зақымдау қаупін төндіру, қорлау, алаяқтық, құжаттары ауыстыру, бопсалау арқылы қысым көрсетуге жол берілмейді.

### Борышкердің құқығы бұзылған жағдайда не істеу керек?

Коллекторлық агенттіктің заңсыз әрекеттері кезінде борышкер субъектінің атауын және бұзушылықтың нақты фактісін көрсете отырып, Агенттікке шағымдануға құқылы.

Агенттік келіп түскен шағым шеңберінде құжаттық тексеру тағайындайды, оның нәтижелері бойынша тексерілетін субъектіге қатысты заң талаптарын бұзу фактісі расталған жағдайда тиісті қадағалау шаралары қолданылатын болады.

Мемлекеттік тіркеуден өткен және Қазақстанда қызметті жүзеге асыруға құқығы бар коллекторлық агенттіктердің өзекті тізімі Агенттіктің ресми сайтында орналастырылған.

## "ПОШТА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН" ҚАЛАЙ АНЫҚТАУҒА БОЛАДЫ?

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі өздерін пошта қызметкерлері ретінде таныстыратын алаяқтар жасайтын алаяқтық жағдайлар туралы ескертеді.

Алаяқтық схемасы мынадай іс-әрекеттерді қамтиды: Азаматқа өздерін пошта компаниясы ретінде көрсететін компаниядан хатты немесе сәлемдемені жеткізу туралы ақпаратпен SMS-хабар келеді.

Одан кейін пошта компаниясының атын жамылған абоненттен мессенджер арқылы қоңырау түседі.

Мекенжайды нақтылау немесе жеткізілімді растау қажеттілігі деген сылтаумен азаматтардан SMS арқылы келген кодты айтуды сұрайды.

Кодқа қолжетімділік алғаннан кейін қасқүнемдер оны жеке деректерді алу және одан әрі ақша қаражатын ұрлау мақсатында қосымшаларға немесе өзге де сервистерге кіру үшін пайдалануы мүмкін.

**Өзіңді қалай қорғауға болады?**

Қоңырау соққан адам өзін ресми ұйымның қызметкері ретінде таныстырған жағдайдың өзінде SMS арқылы келген растау кодтарын ешқашан айтпаңыз.

Танымайтын адамдар жіберген хабарлардағы сілтемелер арқылы өтпейсіз.

Дербес деректерді, банк картасының нөмірі мен CVV-кодты бермеңіз. Бейтаныс нөмірлерден мессенджерлер арқылы қоңырауларға сақ болыңыз.

Барлық ақпаратты ресми арналар – сайттар немесе мобильді қосымшалар арқылы қайта тексеру қажет. Алаяқтық белгілері анықталған жағдайда дереу құқық қорғау органдарына жүгіну керек.

Алаяқтық кредитор рәсімдеуді болдырмау үшін eGov.kz порталында немесе eGov Mobile мобильді қосымшасында банктік қарыздар мен микрокредиттер алудан ерікті түрде бас тартуды белгілеу ұсынылады. Тыйымды кез келген уақытта алып тастауға болады.

## БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ – БАСТЫ МАҚСАТ

Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің басшысы Бағдат Бердаулетовтің төрағалығымен қалалық білім бөлімінің кеңейтілген мәжілісі өтті. Жиынға білім бөлімінің

Білім басшысы Бағдат Камбозұлы білім беру ұйымдарының басшыларына нақты міндеттер жүктеп, әрбір бағыт бойынша жауапкершілікті күшейту қажеттігін атап өтті.

– Білім сапасын арттыру барлығымыздың ортақ мақсатымыз. Бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп, әрбір мектепте тәртіп пен жауапкершілік жоғары деңгейде болуы тиіс. Мемлекеттік қызметтердің сапалы көрсетілуі, цифрлық жүйелердің

тиімді жұмыс істеуі және білікті кадрларды қалыптастыру бүгінгі күннің басты талаптары. Әрбір басшы өзіне жүктелген міндеттердің орындалуына жеке жауапты екенін ұмытпауы қажет, – деді білім басшысы.

Сондай-ақ ол жазғы кезеңде оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмыстарының сапасын арттыру және алдағы оқу жылына дайындық жұмыстарын күшейту мәселелеріне ерекше назар аударды.

Мәжіліс қорытындысы бойынша жауапты тұлғаларға нақты тапсырмалар беріліп, олардың орындалуын тұрақты бақылауда ұстау міндеттелді.



қызметкерлері мен қала мектептерінің директорлары қатысты.

Мәжілісте орта білім беру ұйымдарында көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің орындалуы, «Электрондық жолдамалар» ақпараттық-талдау жүйесін жүргізу қағидаларының сақталуы, кадр саясатының тиімділігі және өзге де өзекті мәселелер қаралды.

Жиында мемлекеттік қызметтердің сапалы әрі уақытылы көрсетілуі, электрондық жүйелердің тиімді жұмыс істеуі және білім беру ұйымдарындағы кадрлық әлеуетті нығайту мәселелері жан-жақты талқыланды.



## ЕСІРТКІ БИЗНЕСІНЕ СОҚҚЫ БЕРІЛУДЕ

Ресми ақпарат бойынша 2026 жылдың бес айында елімізде үш мыңнан астам есірткіге қатысты құқық бұзушылықтың жолы кесілді, оның ішінде шамамен 1,5 мың есірткі қылмысы анықталды. Сонымен қатар алты ұйымдасқан қылмыстық топтың, оның ішінде бір трансұлттық топтың қызметі тоқтатылды. Синтетикалық есірткі өндіретін 12 зертхана және 42 фитозертхана жойылды.

12 мыңға жуық заңсыз онлайн-ресурс бұғаттауға жіберілді. Ұлттық банкпен бірлесіп, есірткі бизнесіне қатысты қаржылық операцияларға тосқауыл қойылуда. Нәтижесінде 107 миллион теңгеден астам күмәнді қаржы аударымы тоқтатылды. 125 мыңға жуық шетелдік төлем картасы бұғатталды. Сондай-ақ 20 мың криптоөмиян тексерілуде.

Үлкен қауіптің бірі – синтетикалық есірткілер. Заңсыз айналымнан 466 килограмм синтетикалық есірткі және 11 тоннадан астам прекурсор тәркіленді.

Алдын алу жұмыстары да жалғасуда. Жыл басынан бері мектептер мен жоғары оқу орындарында 6,5 мыңнан астам есірткіге қарсы іс-шара өткізілді. Сегіз мыңнан астам ақпараттық материал жарияланды.

Халықаралық ынтымақтастық дамып келеді. Қазақстан шетелдік әріптестерімен бірлесіп, трансұлттық есірткі қылмысына тосқауыл қоюда.

Қоғамдық қауіпсіздікті нығайту, азаматтардың денсаулығын қорғау және жас ұрпақтың болашағын сақтау мақсатында есірткі қылмысына қарсы кешенді жұмыстар жалғасатын болады.

## «ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» ҚАҒИДАТЫНЫҢ ФЛЕШМОБЫ ӨТТІ

Қызылорда қаласының Орталық алаңында Мемлекет басшысының «Заң мен тәртіп» қағидатын іске асыру аясында ерекше форматтағы профилактикалық іс-шара ұйымдастырылды.

Облыстық білім басқармасының бастамасымен өткен шараға 500 студент қатысты. Білім алушылар арнайы қағаздардан алып QR код құрастырды. Флешмоб дрон көмегімен түсіріліп, орталық алаңдағы LED экраннан көрсетілді.

Іс-шара барысында тұрғындар мен қала қонақтары QR коды сканерлеу арқылы балалардың жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздігіне арналған арнайы бейнероликті тамашалады. Бейнероликте судағы қауіпсіздік, жол қозғалысы ережелері, өрт қауіпсіздігі, интернет кеңістігіндегі қауіпсіздік және құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелері қамтылды.

Аталған QR код пен бейнематериал өңірдегі барлық білім беру ұйымдарына, ата-аналар чаттарына және жазғы сауықтыру лагерьлеріне жолданады. Сондай-ақ білім беру ұйымдарының ресми әлеуметтік желі парақшаларында кеңінен насихатталатын болады.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған бұл бастама қоғамда заңға құрмет пен жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруға, құқықтық сауаттылықты арттыруға және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

## “АБАЙДЫҢ” ЖОҒАРЫ НӘТИЖЕСІ – 133 БАЛЛ

Қызылорда қаласындағы Абай атындағы орта мектептің 11 «А» сынып оқушысы, «Алтын белгіге» үміткер Қожахат Хиват Жанболатқызы Ұлттық бірыңғай тестілеуде 133 БАЛЛ жинап, үздік нәтиже көрсетті. Таңдау пәндері – қазақ тілі мен қазақ әдебиеті.

Хиват жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша 2025 жылғы күміс медаль иегері, 2026 жылы алтын медаль иегері, ауыл мектептерінің оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша 2024 жылы алтын медаль, 2025 жылы күміс медаль иегері және «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы анықтаған «Үздік ауыл мектебінің оқушысы» номинациясының иегері, 2026 жылы олимпиададағы жарқын жетістігімен «100 үздік олимпиадалық мектеп» рейтингіне мектебін енгізген дарынды оқушы. Жетекшісі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-шебер, «Ы.Алтынсарин» тәсбелгісінің иегері – Піримова Әсем.



## ХАБАРЛАНДЫРУ

**Жолаушылар мен багажды автомобиль мен ауданішілік және кентішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізу туралы**

1. «Жаңақорған ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ 2026 жылдың «20»шілде күні Жаңақорған кенті Манап Көкенов № 44 мекен-жайы бойынша жолаушылар мен багажды автомобильмен ауданішілік және кентішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурс өткізу туралы хабарлайды.

2. Конкурса мынадай маршруттардың пакеттері (маршруттар) шығарылады: Ауданішілік:

- 1) Жаңақорған-Сүттіқұдық-Қожаберді-Төменарық,
- 2) Жаңақорған-Бірлік,
- 3) Жаңақорған-Қыраш-Қосүйеңкі,
- 4) Жаңақорған-Жайылма,
- 5) Жаңақорған-Құттықожа-Шалқия,
- 6) Жаңақорған-Жаңарық-Әбдіғалпар
- 7) Жаңақорған-Қаратөбе-Қандөз.

3. Конкурса меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдары бар кез келген жеке және заңды тұлғалар қатыса алады.

4. Конкурса қатысуға тілек білдірушілер «Жаңақорған ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ конкурстық құжаттардың жиынтығын алуға жазбаша өтінімді Жаңақорған кенті, Манап Көкенов көшесі №44 мекен-жайы бойынша ұсынуы тиіс.

5. Конкурстық құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдаудың және конкурса қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2026 жылғы «07»шілде.

6. 2025 жылдың «23» маусым күні конкурс өткізу мәселелері жөніндегі конкурс алдындағы конференцияны өткізеді.

7. Анықтамалар алу үшін байланыс телефондары: 8 (72435) 22-0-74, электрондық почта: Zhana-zhol@mail.ru

## КӨШЕ СПОРТЫ КӨШБАСШЫЛАРЫ КІМДЕР?

Қызылорда қаласында жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау және бұқаралық спортты дамыту мақсатында ұйымдастырылған Streetball (3x3) турнирі басталды.

Ашық форматта өтетін жарысқа аудандардан, Қызылорда қаласы, сондай-ақ Шымкент және Байқоңыр қалаларынан келген 10 команда қатысуда.

Турнир қорытындысы бойынша үздік командалар арнайы дипломдармен, медальдармен және қаржылай сыйлықтармен марапатталады.

# ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК АМНИСТИЯҒА КІМДЕР ІЛІГУІ МҮМКІН?

Жаңа Конституцияның қабылдануына байланысты Мемлекет басшысы қылмыстық және әкімшілік амнистия жасауда. Қазақстанның конституциялық дамуының жаңа кезеңі әділеттілік, гуманизм және адамның қадір-қасиетін құрметтеу қағидаттарын бекітіп, бұл елдің құқықтық жүйесін одан әрі жаңғыртудың маңызды негізі болды.

Амнистия қылмысқа жұмсақтық таныту емес, мемлекеттік саясаттың гуманистік және жасампаздық бағытын көрсететін ерекше құқықтық акт. Оның негізгі мақсаты – құқық бұзушылық жасаған, бірақ қоғамға айтарлықтай қауіп төндірмейтін адамдардың әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасау. Мемлекет мұндай азаматтардың қоғамдық, еңбек және экономикалық өмірге толыққанды оралуына кедергі келтіретін құқықтық және қаржылық кедергілерді азайтуды көздейді.

Президенттің осы тапсырмасын іске асыру үшін Мәжіліс депутаттары жекелеген санаттағы құқық бұзушылықтар бойынша амнистия туралы заң жобасын әзірледі.

Амнистия қылмыстық та, әкімшілік те құқық бұзушылықтарға қатысты. Айта кету керек, тәуелсіз Қазақстан тарихында әкімшілік амнистия алғаш рет жасалып отыр.

ІІМ желісі бойынша қылмыстық амнистия қылмыстық теріс қылықтар мен онша ауыр емес қылмыстар жасаған адамдарға қолданылады. Сондай-ақ ол ауырлығы орташа қылмыстар үшін сотталған, залал келтірілмеген немесе толық өтелген жағдайда қолданылуы мүмкін.

Адамдардың жекелеген санаттары үшін қылмыстың ауырлығына және сотталғанның

тәртібіне байланысты жаза мерзімін қысқарту көзделген.

– Қылмыстық амнистия шаралары 15 мыңнан астам адамға, соның ішінде түзеу мекемелеріндегі 1,5 мың сотталғанға қатысты болуы мүмкін. Заң жобасы белгіленген нормаларды сақтауға және заңға бағынатын өмір салтын ұстануға дайын екенін дәлелдеген азаматтарды қоғамға қайтаруға жағдай жасауға бағытталған.

Сонымен қатар амнистия өткізу қоғамдық қауіпсіздікке қауіп төндірмейді, себебі заң жобасында нақты шектеулер мен ерекшеліктер көзделген. Амнистияның күші террористік, экстремистік және сыбайлас жемқорлық қылмыстар, ұйымдасқан қылмыстық топтардың құрамында жасалған әрекеттер, азаптау, сондай-ақ жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар, әсіресе кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстарды жасаған адамдарға қолданылмайды. Бұдан бөлек, амнистия рецидив жағдайларында қолданылмайды.

Осылайша құжат ауыр және қоғамға қауіпті әрекеттер үшін жауапкершіліктің бұлтартпасығы қағидатын сақтайды: құқық бұзушылық қайта жасалған жағдайда жауапкершілік шаралары жалпы негіздерде қолданылады, – дейді ІІМ заң мен норма шығармашылығын үйлестіру департаменті бастығының орынбасары Ермек Шүлден.

Өз кезегінде кең ауқымды әкімшілік амнистия 15 мемлекеттік органның құзыретіне жататын Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 263 бабын қамтиды.

Әкімшілік амнистия аясында азаматтарды, жеке кәсіпкерлерді,

сондай-ақ жеке практикамен айналысатын адамдарды (нотариустар, адвокаттар, жеке сот орындаушыларды) 2026 жылғы 17 наурыз сағат 24:00-ге дейін жасалған құқық бұзушылықтар үшін орындалмаған әкімшілік айыппұлдардан босату көзделеді.

Бұл шара халық пен кәсіпкерлік субъектілерінің қаржылық жүктемесін азайтуға, сондай-ақ олардың одан өрі экономикалық белсенділігін ынталандыруға бағытталған.

Тек ІІМ желісі бойынша бұл шара 17 млрд. теңгеден астам сомаға шамамен 1 млн. әкімшілік айыппұлды қамтиды.

Бұл ретте әкімшілік амнистия теңгерімді сипатқа ие және адамдардың өмірі мен қоғамдық тәртіпке қауіп төндіретін құқық бұзушылықтарға қолданылмайды. Олардың қатарында қару мен есірткінің заңсыз айналымы, жол жүрісі қағидаларын бұзудың бұзу (мас күйде көлік жүргізу, қарсы жолаққа шығу және жүргізуші куәлігінен айыруға өкпе соққан басқа да бұзушылықтар), сондай-ақ қайталанған құқық бұзушылықтар мен соттар қарайтын істер бар.

Осылайша әкімшілік амнистия жүргізу қолданыстағы бақылау тетіктеріне және қоғамдық қауіпсіздік деңгейіне теріс әсер етпейді. Жолдарда және қоғамдық орындарда құқықтық тәртіпті сақтауды бақылау толық көлемде сақталады.

Ұсынылып отырған заң жобасы гуманизм қағидаттарын және заң мен тәртіп идеологиясын ұштастыра отырып, мемлекеттік саясаттың жүйелілігін көрсетеді.

Қазіргі уақытта құжат Парламенті Мәжілісінің қарауында.

### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК АМНИСТИЯ

- #### 1 Айыппұлдарды толық немесе ішінара есептен шығару мүмкіндігі

**Кімдерге қатысты қолданылады:**

  - жекелеген әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған тұлғаларға;
  - азаматтар мен мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндірмейтін құқық бұзушылықтарға қатысты.
- #### 2 Заң жобасына сәйкес айқындалады:

- амнистияға жататын тұлғалар санаты;
  - құқық бұзушылық түрлері;
  - айыппұлдарды есептен шығару мөлшері мен тәртібі.
- #### 3 Амнистия мына тұлғаларға қолданылмайды:

- терроризм мен экстремизмге қатысы бар адамдарға;
  - сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасағандарға;
  - балаларға қарсы қылмыс жасағандарға;
  - азалтау фактілеріне қатысы бар тұлғаларға;
  - қылмысты бірнеше рет жасаған адамдарға (рецидивистерге);
  - сот төрелігінен жасырынғандарға.

#### Үкімет амнистияны іске асыру тетігін әзірлеуде.

#### Амнистия туралы заңды ағымдағы парламенттік сессия аяқталғанға дейін қабылдау жоспарлануда.